

Қызмет көрсету туралы шарт

Алматы қ.

Осы қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) бірінші тараптан бұдан әрі «Аутсорсингтік компания» деп аталатын «Просто Аутсорсинг ГК» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Директоры Антон Владимирович Ким және екінші тараптан Серіктес (осы Шартқа №1 Қосымша нысаны бойынша Қызмет көрсету туралы шартқа қосылу туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) қол қойған занды, жеке тұлға немесе жеке кәсіпкер) арасында жасалды. Осы Шарт Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - КР) заңнамасына сәйкес қосылу шарты болып табылады және Серіктес оны жалпы қабылдайды. Аутсорсингтік компания мен Серіктес бірге "Тараптар", ал жеке "Тарап" немесе жоғарыда көрсетілгендей аталуы мүмкін.

Шарт <https://pbo.kz/> интернет ресурсында жарияланған.

Шарт келесілерден тұрады:

- 1) негізгі талаптардан тұратын Шарттың өзінен,
- 2) Шартқа №1 Қосымшадан - Шартқа қосылу туралы келісім, ерекше маңызды талаптардан тұрады және Шарттың дәл осы бөлігіне Серіктес қол қояды.

3) Шартқа №2 Қосымша - мұнда әр қызмет көрсету кезеңі егжей-тегжейлі сипатталған, Тараптардың нақты жауапкершіліктері, өзара әрекет ету тәртібі және басқасы көрсетілген және бухгалтерлік қызмет көрсетуге жататын 1-Параграфтан және зангерлік қызмет көрсетуге жататын 2-Параграфтан тұрады.

Серіктес тарифінде бухгалтерлік қызмет көрсету болмаған жағдайда, Шарт бухгалтерлік қызмет көрсету мәселелерін тікелей сипаттайтын қағидаларды есепке алмағанда, сондай-ақ зангерлік қызмет көрсету кіретін тарифтер үшін тікелей жазылған ерекшеліктер есебімен жалпы қолданылады.

1. Шарттың мәні

1.1. Серіктес Аутсорсингтік компанияға бухгалтерлік есепті жүргізу, салық есептілігін өткізу, заң қызметтерін, HR-ассистент қызметтерін көрсету, сондай-ақ басқа ілеспе, Аутсорсингтік компания контрагенттері ұсынатын қызметтерді көрсету бойынша функционалды тапсырады.

Осы Шарт бойынша қызметтер (бұдан әрі бірге «Қызметтер» деп аталады) келесілерден тұрады::

1) бухгалтерлік есепті жүргізу, заң қызметтерін көрсету, сондай-ақ Тариф талаптарына сәйкес Аутсорсингтік компанияның басқа да ілеспелі қызметтерін көрсету (Аутсорсингтік компания жеке өзі немесе комиссionер ретінде ұсынады, бұл ретте көрсетілген қызмет бойынша комитет басқа занды тұлғалар, олар мен «Просто Аутсорсинг ГК» ЖШС арасында жасалған шарттар негізінде болады, жоғарыда және бұдан әрі бірге және болек әркайсысы Аутсорсингтік компания деп аталады);

2) Қосымшаны пайдалану құқықтарына қызметтер (комиссionер ретінде Аутсорсингтік компания ұсынاتын, бұл ретте Аутсорсингтік компания мен «Просто Бек-офис» ЖШС арасында жасалған шарт негізінде «Просто Бек-офис» ЖШС көрсетілген қызмет бойынша комитет болады).

Шарт бойынша Қызметтерді сатып алу және/немесе болек пайдалану мүмкін емес болып табылады.

1.2. Шарт бойынша қызмет тұрларі:

1) Қосымшаны пайдалану құқығына қызметтерді қоса алғанда таңдалған Тарифке (бұдан әрі - "Тариф") сәйкес қызметтер.

2) Қосымша қызметтер - Тарифпен белгіленгеннен асатын қызметтер, мұндай қызметтер тұрақты да, біржолғы да көрсетілуі мүмкін.

Тарифтердің, Тариф аясындағы Қызметтердің, пакеттердің, қосымша қызметтердің толық тізімі «Просто Бек-офис» ЖШС-ға тиесілі www.pbo.kz сайтында (бұн әрі – «Сайт») жарияланған.

1.3. Тариф өзгерген, Қосымша қызметтер көстүрған/өшірген жағдайда қосымша келісімге қол қою талап етілмейді, барлық өзгерістерге Қосымшада және/немесе электрондық поштада бастамашылық етіледі, Аутсорсингтік компания мұндай сұрату негізінде Серіктесті жаңа Тарифке ауыстырады (Серіктестің мұндай Тариф талаптарына сай келуі талабымен) және/немесе Қосымша қызметтер ұсынады.

1.4. Қызметтерді көрсету «Просто Бек-офис» ЖШС-ға тиесілі, смартфондар, планшеттер, ноутбуктар, дербес компьютерлер және басқа құрылғыларда жұмыс істеуге арналған бағдарламалық жасақтама болып табылатын «Просто Бек-офис» қосымшасы (бұдан әрі - "Қосымша") арқылы жүзеге асырылады. Тараптар хабарламалармен, есептермен және басқа кез келген құжаттармен, соның ішінде олардың сканерленген көшірмелерімен және Шарт бойынша ақпаратпен алмасуды Қосымшада арқылы жүзеге асырады, электрондық пошта Қосымша қандай да бір техникалық себептермен жұмыс іstemеген жағдайда қосымша байланыс түрі ретінде қолданылады.

1.5. Шарт бойынша бастапқы бухгалтерлік құжаттама – бұл кез келген шаруашылық операция үшін рәсімделетін және бухгалтерлік есеп шоттарындағы операцияларды көрсету үшін негіз болатын құжаттар, бұл ретте

мәміленің өзін жүзеге асыру бойынша құжаттар (есептер, презентациялар, қызметтердің көрсетілгенін, жұмыстардың орындалғанын, тауарлардың алынғанын растайтын басқа құжаттар) Аутсорсингтік компанияға ұсынылмайды және оны Серіктес сақтайды.

1.6. Егер Серіктес Шартты заңды тұлға ашу/тіркеу және заңды тұлғаға Қызмет көрсету мақсатында жасасса, онда оны тіркегеннен кейін заңды тұлға тиісті қосымша келісім жасаса отырып, Серіктес болады.

2. Қосымшада жұмыс істеу тәртібі

2.1. Қосымшада жұмыс істеу тәртібі, Серіктесті сәйкестендіру, түсініктемелер мен анықтамалар қосылу шарты болып табылатын Қосымшаны және сайтты пайдалану туралы шартта белгіленеді, қосылу «Просто Бэк-офис» ЖШС-мен Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шарт жасасу туралы Жария офертаны акцептілеу арқылы жүзеге асырылады.

2.2. Шарт бойынша Қызмет көрсету барысы туралы барлық құжаттама мен ақпарат Қосымшада тіркеледі және сақталады.

2.3. Аутсорсингтік компания Серіктестің Қосымшага коллежтімділікті пайдалану кезінде тиісті сақтық шараларын қабылдамағанына байланысты үшінші тұлғалардың Серіктестің Қосымшасына рұқсатсыз кіруінен болған кез келген шығындар үшін жауапкершілік көтермейді.

2.4. Қосымшадағы Негізгі пайдаланушы мен Негізгі сәйкестендіруші, Серіктестің электрондық поштасы Келісімде белгіленеді. Негізгі пайдаланушы және/немесе Негізгі сәйкестендіруші, Серіктестің электрондық поштасы өзгерген жағдайда:

1) негізгі пайдаланушыны және/немесе Негізгі сәйкестендірушіні өшіру үшін растаушы құжаттарды және/немесе тиісті ілеспе хатты ұсыну қажет, мұндай хатты электрондық пошта арқылы ұсынуға болады.

2) негізгі пайдаланушыны және/немесе Негізгі сәйкестендірушіні, Серіктестің электронды поштасын қосу және/немесе өзгерту үшін Серіктестен тиісті хаттың және растаушы құжаттардың түпнұсқасын ұсыну қажет (қолданыластын жерде), мұндай хатты электрондық пошта арқылы ұсынуға жол берілмейді.

2.5. Қосымша пайдаланушыларды (Негізгі пайдаланушы болып табылмайтын) жабу және/немесе ашу Негізгі пайдаланушының немесе Қосымша пайдаланушылардың (Қосымшага бұрын қосылған) Қосымшада хабарлама жіберуі арқылы жүзеге асырылады.

3. Бағдарламалық жасақтамада бухгалтерлік қызмет көрсету

3.1. Шартқа қол қойылған күннен бастап Серіктестің Деректер базасына Аутсорсингтік компанияның сервисінде 8.3 нұсқасындағы 1С платформасында немесе басқа сервисте/нұсқасында, соның ішінде соңғы/жана нұсқасында қызмет көрсетіледі.

Жойылған сервистерді қоса алғанда, қызмет көрсету Серіктестің 1С нұсқасындағы сервисте жүзеге асырылады.

Серіктестің қазіргі 1С базасының нұсқасы бағдарламалық жасақтама бойынша ұсынылатын 1С нұсқасынан басқа болса, ағымдағы база барлық тарихымен немесе белгілі күнге бөлінген түрде Аутсорсингтік компания ұсынатын нұсқаға көшіріледі (яғни, барлық тарихсыз тек 1С базасы бойынша тек қалдық көшіріледі).

3.2. Қызмет көрсету аясында Аутсорсингтік компания бухгалтерлік және кадрлық есепті бөлек есептік базаларда жүргізуі мүмкін, мысалы:

1) кадрлық есеп және жалақы - 1С: Қазақстанға арналған 8.3 Жалақы және қызметкерлерді басқару (1С: ЕКБ);

2) бухгалтерлік және/немесе салық есебі - 1С: Бухгалтерия 8.3, біздің фирманды басқару - 1С және 1С басқа бағдарламалық өнімдері;

3) кадрлық, бухгалтерлік және/немесе салық есебі Серіктес есебін жөнделтілген режимде жүргізген және/немесе айналымдар болмаған жағдайда (нөлдік салық есептілігі) операциялар тіркелім түрінде Excel нысанында.

3.3. Шарт бұзылған және Серіктеске есепті жүргізуі тапсырылған кезде, Аутсорсингтік компания оны жоғарыда көрсетілгендей бірнеше есептік базалар қимасында жүзеге асыруы мүмкін және осы базаларды біріктіруді өз қарауына қарай және/немесе бухгалтерлік есем сол нысанда жүргізілсе, Excel файлы түрінде жүзеге асырады. Серіктестің базаларды олардың бөлек немесе бірге жүргізілуі/ есепке алынуы және/немесе 1С нұсқасы, Excel файлының форматы үшін қабылдаудан бас тартуға құқыны жоқ.

Алу және Серіктестеке қайта тапсыру Қосымшада жүзеге асырылуы мүмкін, бұл ретте Аутсорсингтік компания қызмет көрсетуді бастаған кезде және Серіктеске қайта тапсырылған кезде Қосымшада немесе электрондық пошта арқылы айналымдық-қалдықтың тізімдемені жіберу арқылы алынған базаны тіркейді.

4. Аутсорсингтік компания:

4.1. «Просто Бэк-офис» ЖШС бекіткен және Сайтта жарияланған Құпиялылық саясатының талаптарын сақтайды, соның ішінде Аутсорсингтік компанияның қолындағы Серіктестің құжаттамалары мен ақпаратын үшінші тұлғаларға табысталмайды және көрсетпейді.

4.2. Құрылтайшы құжаттарды, бухгалтерлік құжаттарды, Серіктес қызметкерлерінің дербес деректерін қоса алғанда бірақ олармен шектелмesten Серіктеске тиесілі барлық құжаттар мен деректер көшірме түрінде Аутсорсингтік компанияда және «Просто Бэк-офис» ЖШС-да, егер басқа мерзім ҚР заннамасының талаптарымен белгіленбеген болса, Шарттың барлық қолданыс мерзімі ішінде және одан кейін 5 (бес) жыл ішінде сақталуы мүмкін. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін құжаттардың көшірмелері жойылады.

4.3. Серіктестен алынған электрондық-цифрлық қолтаңбаны (бұдан ері - "ЭЦҚ"), интернет-банкинг кілтін және басқа да сол сияқты кілттерді тек Қызмет көрсету мақсатында пайдаланады. Аутсорсингтік компания жұмыс істеу және ЭЦҚ сактау барысында өзінің ішкі құжаттарын басшылыққа алады. Аутсорсингтік компания тапсырылатын ЭЦҚ жалғыз данасы болып табылмайды және оның тағы бір данасы Серіктесте болады.

4.4. Егер Серіктес Аутсорсингтік компанияға Интернет-банкингке кіру кілтін/ рұқсатын тек төлемдерді құруға емес, сонымен қатар оларды авторизациялау құқығымен берсе, сондай-ақ қызмет көрсетуші банк төлемдерді ЭЦК кілті арқылы авторизациялау мүмкіндігін берсе, Аутсорсингтік компания да, «Просто Бэк-офис» ЖШС да мұндай шоттарда қаражаттың сақталуы, авторизацияланатын операциялар, сондай-ақ мұндай кілттермен жүргізілген немесе жүргізуі мүмкін кез келген басқа әрекеттер үшін жауапкершілік көтермейді. Аутсорсингтік компанияға Интернет-банкингке кіру кілті/ рұқсаты тек төлемдерді құру құқығымен берілуі тиіс, қауіпсіздік мақсатында және Серіктес бұл талапты бұзған жағдайда мұндай кілтпен жүргізілген немесе жүргізуі мүмкін барлық іс-әрекеттер үшін жауапкершілік Серіктеске жүктеледі.

4.5. Серіктес ұсынған құжаттар негізінде бухгалтерлік есепті, заңды сүйемелдеуді жүргізеді және Шарт талаптарына сәйкес басқа қызметтерді көрсетеді.

4.6. Өзінің орналасқан жерінде Қызмет көрсетуді жүзеге асырады және өз қызметкерлерінің шығуын жүзеге асырмайды.

4.7. Серіктестің контрагенттерімен тікелей байланыспайды, бухгалтерлік есеп, құжаттарға кол қою, келісу мәселелері қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейтін контрагенттермен кез келген өзара әрекет ету үдерістерін Серіктес өзі жүзеге асырады.

4.8. Серіктес құжаттаманы сактау түріндегі Қосымша қызметті таңдаған кезде: Аутсорсингтік компания Серіктес қабылдау-тапсыру акті бойынша тапсырған құжаттардың сақталуы үшін жауапкершілік көтереді.

Ескертпе* Серіктесте құжаттаманы сактау бойынша Қосымша қызметі болмаған кезде берілген тармақ Шарт бойынша жарамсыз деп танылады.

4.9. Қызмет көрсету барысында зиян келтірілгені үшін өзінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруға құқылы. Мұндай сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру жағдайы орын алған кезде Серіктес сақтандыру төлемін алуға жәрдемдеседі және Аутсорсингтік компания мен сақтандырушы сұратқан құжаттар мен ақпаратты ұсынады.

4.10. Аутсорсингтік компанияның Қызмет көрсетуі аясындағы бөлек атқарымдар орындауы үшін үшінші тұлғага тапсырылуы мүмкін, бұл ретте Серіктестің алдында мұндай қызметті көрсету сапасы мен мерзімі үшін жауапкершілікті Аутсорсингтік компания көтереді.

4.11. Аутсорсинговая компания және/немесе «Просто Бэк-офис» ЖШС бейнежазбаны, соның ішінде Серіктестің қонырауларын және аудиохабарламаларын жазуға құқылы, алынған аудио/ бейнематериалдарды олар жасалған (жазылған) қүннен бастап 5 жылдан кем емес уақыт сақтауга құқылы, Серіктес осы арқылы оған өз келісімін береді, сондай-ақ қонырау шала отырып және/немесе аудиохабарламаны жаза отырып, Серіктес, Серіктестің пайдаланушысы оған өз келісімін береді.

Серіктес Аутсорсингтік компанияның және «Просто Бэк-офис» ЖШС-нің дербес деректерді, соның ішінде аудиоқоныраулар, аудиохабарламалар, бейнежазбалар аясындағы, соның ішінде Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартты жасасу туралы жария офертаны қабылдау аясында ұсынылғандарды қоса алғанда дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға өзінің сөзсіз және қайтарылып алынбайтын келісімін, сондай өз қызметкерлерінен және басқа өкілдерінен мұндай келісімді алғанын растайды.

4.12. Аутсорсингтік компания келесілер үшін жауапкершілік көтермейді:

1) оған тапсырылған құжаттардағы маліметтердің дұрыстығы үшін;
2) Серіктестің оның контрагенттерімен мәмілелерінің, шарттарының заңдылығы және іс жүзінде жүзеге асырылуы үшін;

3) Аутсорсингтік компанияға құжаттар мен ақпараттың берілмеуі немесе уақытын берілмеуіне байланысты туындаған бұзушылықтар үшін, соның ішінде бірақ шектелмesten, операцияларды көрсеткені, оларды өзгерткені, және Аутсорсингтік компания Серіктестің Қосымшада және/немесе электрондық пошта және/немесе телефон арқылы, раставушы құжаттарды ұсынусыз берілген тапсырмасы бойынша жүзеге асырған бухгалтерлі және/немесе салық есебіне қатысты басқа іс-әрекеттер үшін;

4) қызмет көрсетпеген кезең үшін.

4.13. Серіктеске Аутсорсингтік компанияның тек және тікелей құжаттамамен расталған әрекеттері, әрекетсіздігі және қателіктері нәтижесінде қолданылған санкциялар аясындағы шығындарды өтейді, олар Серіктестің әрекеті/әрекетсіздігінің және/немесе Шарт талаптарына сәйкес Қызмет көрсетуді тоқтату нәтижесінде туындаған жағдайлар есепке алынбайды. Аутсорсингтік компанияның Шартта және Келісімде белгіленген жауапкершілігі төменде көрсетілген тармақшалармен шектеледі және Серіктеске Қызмет көрсету арқылы өтеделі (Аутсорсингтік компания ешқандай негіздеме бойынша басқа жауапкершілік көтермейді):

1) бухгалтерлік қызмет көрсету бойынша: уәкілетті мемлекеттік органдарға қатысты - Қызмет көрсету барысында салық және басқа инстанцияларға есептер мен мәліметтер ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін айыппұл мен өсімпұл түріндегі толық материалдық жауапкершілікпен. Бұл ретте уәкілетті орган Серіктеске есептеген барлық салық сомаларын Серіктес өзі төлейді.

2) бухгалтерлік қызмет көрсету бойынша: қосымша құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) бойынша есепке уақытында койылмағаны үшін белгіленген айыппұлдарға қатысты, ерекшілігі бар, себебі бұл төленуі тиіс салық сомасынан тұратын жалғыз айыппұл, мұндай сома заңнамага сәйкес салыққа және айыппұлға бөлек белінбейді. Осыған байланысты Серіктес пен Аутсорсингтік компания арасындағы жауапкершілік келесі тәртіппен белінеді:

a) Серіктес тарапынан ол ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес ҚҚС бойынша есепке тұрған жағдайда төлеуі керек болған ҚҚС сомасы төленеді (лимитті асыру орын алған айдан кейінгі айдың 10-шы жұмыс күні), есеп келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

Серіктес төлейтін айыппұл бөлігі = айналым сомасының 12% (КҚС бойынша есепке қоймаган кезең бойынша) - есепке алынған кезеңдегі КҚС (Серіктестің жеткізушилерінен алынған электрондық шот-фактуралар жүйесінен алынады).

b) Аутсорсингтік компания тарапынан келесі формула бойынша негізгі бөлігі төленеді:
Аутсорсингтік компания төлейтін айыппұл бөлігі = айыппұл мөлшері - Серіктес төлейтін сома (жоғарыдағы a) ти. бойынша).

c) сондай-ақ Аутсорсингтік компания мемлекеттік кірістер органына КҚС бойынша есепке қою туралы салық өтінішін беру мерзімін бұзғаны үшін айлық есептік көрсеткіштерде белгіленген, тіркелген айыппұл мөлшерін төлейді.

3) бухгалтерлік және заң қызметтерін көрсету бойынша: қайтарылуы мүмкін немесе төленген соманың басқа төлем түрлеріне есепке алынуы жүзеге асырылуы мүмкін артық төленген салық сомалары мен бюджетке басқа да төлемдерге қатысты Аутсорсингтік компания өтемақы төлеуді жүзеге асырмайды, бұл ретте Серіктес үшін ары қарай әрекет етудің нұсқалары ұсынылады. Серіктес нұсқаны таңдаудан бас тартқан, шешім қабылдамаған, орындауға жәрдемдесуден бас тартқан жағдайда жауапкершілік толығымен Серіктесте болады.

4) заң қызметтерін көрсету бойынша: уәкілетті мемлекеттік органдарға қатысты - Қызмет көрсету нәтижесінде орын алған уәкілетті мемлекеттік органдар алдындағы бұзушылықтар үшін айыппұлдар мен өсімпұл түріндегі материалдық жауапкершілік, бұл ретте Аутсорсингтік компанияның жауапкершілігінің сомасы 1 000 000 (бір миллион) тенgedен аспайды. Бұл ретте уәкілетті орган Серіктеске есептеген барлық салықтар мен басқа да тклемдер (айыппұлдар мен өсімпұлдан басқа) сомаларын Серіктес өзі төлейді.

5) бухгалтерлік және заң қызметтерін көрсету бойынша: Серіктестің оның контрагенттермен қарым-қатынастары аясындағы шығындарына қатысты - нақты залал түріндегі шығын сомасымен шектеледі, жоғалған пайда өтелмейді. Нақты залал түріндегі шығын және Аутсорсингтік компанияның жауапкершілігінің сомасы 1 000 000 (бір миллион) тенgedен аспауы тиіс. Мұндай нақты залал түріндегі шығын сомасын есептеу тәртібі Серіктестің оның контрагентімен шарт бойынша бұзылған міндеттемесі сомасының 0,1%-нан аспауы тиіс, бірақ кез келген жағдайда Серіктестің бұзылған міндеттемесінің жалпы сомасының 10%-нан артық емес.

6) бухгалтерлік және заң қызметтерін көрсету бойынша: Аутсорсингтік компанияның баға белгілеуге, Серіктестің бизнес шешімдерді қабылдауына ықпал ететін қателіктеріне қатысты - нақты залал түріндегі шығын сомасымен шектеледі, жоғалған пайда өтелмейді. Нақты залал түріндегі шығын және Аутсорсингтік компанияның жауапкершілігінің сомасы 1 000 000 (бір миллион) тенgedен аспауы және Аутсорсингтік компания Қосымшада жазбаша келіскең есеп бойынша болуы тиіс.

4.14. Егер Шарт токтатылған/бұзылған және/немесе Шарт бойынша құжаттарды сактау бойынша қызмет күнінен бастап бір жыл өткеннен кейін Аутсорсингтік компанияның Серіктеске оның құжаттарын қайтару мүмкіндігі болмаса, соның ішінде Аусторсингтік компанияға белгілі мекенжайлар бойынша Серіктестің болмауы себепті болмаса, ал Серіктес Аутсорсингтік компанияға құжаттарды қайтаруы үшін жүгінбесе, Аутсорсингтік компания бұл әрекеттің мүмкін салдарының барлық тәуекелдерін Серіктеске жүктей отырып, Серіктестің құжаттарын жоюға құқылы. Серіктестің оған байланысты Аутсорсингтік компанияға қандай да бір талап қояына, наразылық білдіруіне, өндіріп алуды талап етуіне және т.б. құқығы жок. Жойылмаған құжаттарды талап еткен жағдайда Серіктес қай күннің бірінші болатынына қарай Шарттың қолданыс мерзімі аяқталған күннен және/немесе Құжаттарды сактау бойынша қосымша қызметтің мерзімі аяқталған күннен бастап Аутсорсингтік компаниядан құжаттарды іс жүзінде алған күнге дейін мұндай құжаттардың сактау ақысын төлеуге міндеттенеді.

4.15. Егер екі айдан кейін Серіктес Аутсорсингтік компанияның қызметтері оған келмейтінін түсінсе (бұдан эрі - Сынақ кезеңі), бухгалтерлік қызмет көрсету кіретін тарифтегі Серіктеске Шартты бұзу құқығын береді, бұл ретте Аутсорсингтік компания Серіктеске қызметтер көрсетілген кезең үшін төленген Тариф құныны қайтаруға міндеттенеді, бірақ кез келген жағдайда ек айдан аспайды. Осы тармақ Аутсорсинг компанияның Серіктестен тиісті хабарлама алуы талабымен Келісімге қол қойылған күннен бастап 2 ай ішінде қолданыста болады және қолданылуы мүмкін, бұл мерзім өткеннен кейін акша қаражатын қайтару бойынша талап ез күшін жоғалтқан болып саналады. Егер Шартты жасасқан кезде бірден бірінші төлем жасалмай, Серіктестің міндеттемелерін орындаудың қамтамасыз ету ретінде Кепілдк берілген болса, Сынақтама кезеңі және қаражатты қайтару жөніндегі талап Серіктеске қолданылмайды және Серіктес Шарт және Тарифтер талаптарына сойкес төлемді жүзеге асыруға міндетті.

Серіктес осы тармақты пайдалануға бастамашылық еткен жағдайда келесі талаптар қолданылады:

1) Серіктестің 1С базасын қайтару Келісімге қол қойылған күнгі жағдай бойынша жүзеге асырылады және көрсетілген қызметтердің өзгерістерін және толықтыруларын, нәтижелерін қамтымайтын болады. Егер Аутсорсингтік компания тарапынан Серіктеске есептік саясат, салық есептік саясатын және/немесе басқасын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейтін құжаттар дайындалған және жіберілген болса, Серіктеске қайтарылуы тиіс сомадан қызметтер көрсетілген мерзімге қарамастан 50 000 (елу мың) теңге шегеріледі.

2) егер Серіктестің Тарифіне бухгалтерден бөлек зангер қызметтері де кіретін болса, Серіктеске қайтарылуы тиіс сомадан қызметтер көрсетілген мерзімге қарамастан 100 000 (жұз мың) теңге шегеріледі.

3) қосымша қызметтердің төлемі қайтарылмайды.

4.16. Аутсорсингтік компанияның Қызмет көрсету аясындағы пікірі заңнаманы түсіндіру мәселелерін қоса алғанда КР қолданыстағы заңнамасына негізделеді және үшінші тұлғалардың пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Барлық қорытындылар мен ұсыныстар тек ұсыныстық сипатқа ие және Серіктестің қандай да бір белгілі әрекеттерді орындау бойынша міндеттемелерге экелмейді. Серіктестің кейінгі әрекеттері ез қарауына қарай қалады.

5. Төлем

5.1. Аутсорсингтік компания қызметтерінің ақысын төлеу келесідей жүзеге асырылады:

1) алғытөлеммен, бірақ қызмет көрсетілетін айдын/тоқсанның (тоқсандық төлем тарифтері бойынша) 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей, Аутсорсингтік компанияның банктік шотына аудару арқылы,

2) Шарт айдын 10 (оныншы) күнінен кейін жасалған жағдайда төлем алғытөлем арқылы Шарт жасалған ай үшін және келесі күнтізбелік ай үшін бір уақытта жасалады.

3) қосымша қызметтер үшін алғытөлеммен немесе кейінгі төлеммен, себебі көбінесе қосымша қызметтер құнын есептеу тек күнтізбелік ай өткеннен кейін жүзеге асырылуы мүмкін,

4) Аутсорсингтік компания төлем жасалмаған жағдайда Қызмет көрсетуге құқылы, бірақ міндепті емес,

5) Серіктестің Шарт бойынша міндептемелерін орындаудың қамтамасыз ету ретінде Серіктестің кепілгері- жеке тұлғадан төлем бойынша Кепілдік ұсынылуы мүмкін, алайда мұндай кепілдікті қабылдау немесе қабылдамау Аутсорсингтік компанияның қарауына қалдырылады.

5.2. Келесі жағдайларда Аутсорсингтік компания төлемді (алғытөлемді) Серіктеске қайтармайды (ал Серіктес төлеуі тиіс, бірақ уақытында алғытөлеммен төлемеген сома өндіріліп алынады):

1) Сынақтама кезеңі үшін белгіленген жағдайлардан баска (Бірыңғай жағдай) Қосымша қызметтерге қатысты емес), Шартты Серіктестің бастамасымен ағымдағы күнтізбелік ай, тоқсан өткенге дейін, қосымша қызмет аяқталғанға (жабылғанға) дейін бұзылған жағдайда;

2) Серіктес шарт жасалған күнге дейін бухгалтерлік есеп базасын дұрыс жүргізбегені үшін және/немесе Аутсорсингтік компания бухгалтерлік есепті қалпына келтіруден бас тартқаны, Серіктестің құжаттар мен ақпаратты ұсынбағаны үшін шартты орындау мүмкін болмаған жағдайда Аутсорсингтік компанияның бастамасымен Шартты бұзған жағдайда.

5.3. Шарт және Тарифтердің талаптарында қарастырылмаған, бірақ Қызмет көрсетуге байланысты қосымша шығындар пайда болған жағдайда Аутсорсингтік компания Серіктеспен Қосымшада келіспей, ары қарай бұл шығындарға әкелуі мүмкін іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды. Серіктес Аутсорсингтік компанияға мұндай келісліген шығындарды өтеуге міндетті.

5.4. Аутсорсингтік компания Қызметтер төлемі бойынша берешек болған жағдайда Шарт бойынша міндептемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде Серіктеске 1С бухгалтерия базасын табыстамауға құқылы (борышкер мүлкін ұстап қалу).

6. Актіге қол қою және Қызметтер бойынша есепті ұсыну

6.1. Ай сайын, есеп беру айынан кейінгі айдын 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей, Аутсорсингтік компания Тарифтер бойынша төленуі тиіс қосымша қызметтер және/немесе қосымша сомалар есебімен көрсетілген Қызметтер актін жасайды (Қосымшаны пайдалануға және аутсорсингтік қызметтерге құқық) (бұдан әрі - "Акт немесе Актілер"), және ол Серіктеске қол қою үшін беріледі, бұл ретте Серіктес олар ұсынылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Актілерге қол қоюы немесе қол қоюдан себептемелі бас тартуды ұсынуы тиіс, мұндай қол қою ЭЦҚ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Серіктестен белгіленген мерзімде қол қойылған актін немесе уәжделген бас тартуды алмаған жағдайда мұндай актіге Серіктес кол қойған болып саналады. Қабылданатын есеп айрысу кезеңі - күнтізбелік ай. Егер Қызмет айдын ортасында көрсетіле бастаса, қабылданатын есеп айрысу кезеңі - қызмет көрсету басталған күн, айдын соңғы күнтізбелік күніне дейін.

6.2. Тараптар қол қоятын Актілер Аутсорсингтік компанияның және «Просто Бэк-офис» ЖШС-нің Серіктеске Қызмет көрсетуінің және олар бойынша Серіктестің тарапынан қызметтер көлемі және оларды нақтылау бойынша наразылықтың жоқтығының растамасы болып табылады.

6.3. Көрсетілген Қызметтер бойынша нақтылау Серіктеске Аутсорсингтік компания белгілеген нысан бойынша ұсынылады.

7. Шарттың қолданыс мерзімі және өзгерістері

7.1. Шарттың қолданыс мерзімі - Келісімге қол қойылған күннен бастап бір жыл. Егер Тараптардың ешқайсысы Шарттың қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Шартты бұзу ниеті туралы мәлімдемесе, Шарт дәл сол талаптарда келесі мерзімге ұзартылған болып саналады. Мұндай ұзарту шексіз жүзеге асырылуы мүмкін.

7.2. Шартқа, Қосымшаны және сайтты, соның ішінде Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартты жасасу туралы жария офертаны, «Просто Бэк-офис» ЖШС-нің Құпиялыштық саясатын пайдалану туралы шартқа өзгертулер мен толықтыруларды Аутсорсингтік компания және «Просто Бэк-офис» ЖШС енгізеді және олар Сайтта жариялануы тиіс, өзгертілер осында жариялау күнінен бастап күшіне енеді, егер құжаттарда басқасы көрсетілмесе, Серіктес олармен өзі танысып шығады, Аутсорсингтік компания Серіктеске Қосымшада және/немесе электрондық пошта арқылы өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы хабарлама жіберуі мүмкін.

7.3. Осы Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша немесе екінші Тарапқа бұзу күнінен 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Қосымшада хабарлама жіберу арқылы біржақты тәртіpte бұзылуы мүмкін.

7.4. Серіктес құжаттар мен ақпаратты жүйелі түрде (екі және одан көп рет) ұсынбаған жағдайда Аутсорсингтік компания Шартты тоқтатуға немесе бұзуга құқылы, бұл ретте Аутсорсингтік компания уәкілетті органдарға есептерді өткізуден босатылады.

7.5. Шарт және Келісім кез келген негіздеме бойынша бұзылған және/немесе тоқтатылған жағдайда оны қайта қолданысқа енгізу үшін Серіктестің, мысалы, Қосымшада білдірілген бастамасы жеткілікті, бұл ретте Шартқа және Келісімге қайта қол қою талар етілмейді, Серіктестің қызмет көрсету үдерісіне қосылуы жаңа Серіктестерге белгіленген үдеріс бойынша, Шарт бойынша және Аутсорсингтік компанияның ішкі қағидаларымен және

құжаттарымен белгіленген барлық талаптарды сақтай отырып жүргізіледі. Мұндай жаңарту сол күнгі қолданыстағы Шарт және Келісім негізінде болады және Серіктес оны толық қабылдайды.

7.6. Аутсорсингтік компания ез қалауымен, Серіктестің отініші бойынша тарифті Серіктеске тиімдірек болатын өткен күнмен ауыстыру мүмкіндігін беруге құқылы (егер ағымдағы айдың басы болса алдыңғы айдан бастап (ағымдағы айдың 15-ші күніне дейін қолданылады) немесе ағымдағы айдың 1-ші күнінен бастап (ағымдағы айдың 16-шы күнінен бастап қолданылады)). Бұл ретте Серіктес кейінгі үш айда тарифті төмендегуе салынған тыбымды қабылдайды, ауыстыру айы бірінші емес, нөлдік. Серіктес аталған талапты орындаған жағдайда, соның ішінде көрсетілген мерзім өткенге дейін шарт бұзылған жағдайда, Аутсорсингтік компания тариф ауысқан/шарт бұзылған айда пайда сомасын толық аударуды жүзеге асырады (тарифті ауыстыруға келіскеннің арқасында келген пайда).

7.7. Егер Шартты бұзуға Аутсорсингтік компания бастамашы болса және салық, бухгалтерлік есепті және басқа есептілікті (тоқсан, жыл үшін) өткізу мерзімінің соңына дейін 30 күнтізбелік күннен аз уақыт қалса, Серіктестің талабымен Шартты бұзу есептер өткізілген сәтке дейін ауыстырылуы мүмкін, Серіктес шарт жасалған күнгө дейін бухгалтерлік есеп базасын дұрыс жүргізбегені үшін және/немесе Аутсорсингтік компания бухгалтерлік есепті қалпына келтіруден бас тартқаны үшін оны орында мүмкін болмаганы үшін Шартты бұзу жағдайлары есепке алынбайды.

7.8. Шарт 3 (үш) айға және одан көп уақытқа тоқтатылған жағдайда Аутсорсингтік компания мұндай Шартты Серіктестің бастамасымен бұзылған деп санауды және Шартты бұзу бойынша іс-шараларды өткізу мүмкін.

7.9. Серіктес қызметті үәкілетті органда тоқтатылған және Серіктес Аутсорсингтік компания қызметтерін салық органдарының хабарламаларының мониторингіне қоспаған жағдайда Аутсорсингтік компания 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Шартты бұзу бойынша іс-шараларды өткізуге құқылы.

8. Өзге талаптар

8.1. Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспешіліктер келіссөздер арқылы шешілетін болады. Сотқа дейінгі реттеу Қосымшада және/немесе Шартқа қосылу туралы келісімде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына талапты арыз беру күніне дейін кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын сотқа дейінгі кінәрат-талапты жіберу арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Даулы мәселелер реттелмеген жағдайда олар КР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Алматы қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында сот тәртібінде қаралады. **Барлық даулар мен келіспушіліктерді шешу, сондай-ақ сот жұмысы орыс тілінде жүргізілетін болады.**

8.2. Серіктес қайта құрылған және/немесе таратылған жағдайда ол Аутсорсингтік компанияға мұндай қайта құруға және/немесе таратуға дейін кем дегенде екі ай бұрын хабарлауға міндеттенеді.

8.3. Тараптардың барлық қосымша келісімдері, Шартқа қосылу туралы келісім, актілер және Шарттың басқа да қосымшалары оның ажырамас бөлігі болып табылады.

8.4. Шарт орыс және қазак тілдерінде жасалды, шарттардың мәтіндерінде кез келген қарама-қайшылықтар болған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

«Просто Аутсорсинг ГК» ЖШС

Ресми сайты: <https://pbo.kz/>

Орналасқан мекенжайы және телефоны: ресми сайтта жарияланған

БСН 190640027238,

«Kaspi Bank» АҚ-да ЖСК KZ55722S000007169383, БСК CASPKZKA

Электрондық поштасы: partner@pbo.kz

Директоры А.В Ким

Қызмет көрсету туралы шартқа қосылу туралы келісім

Осы келісім (бұдан әрі - Келісім) Серіктестің Сайтта (<https://pbo.kz/>) жарияланған, **Директордың 05.04.2023 ж. №39-П Бұйрығымен** бекітілген Қызмет көрсету туралы шартқа қосылуы болып табылады. Барлық талаптарды «Просто Аутсорсинг ГК» анықтады, олар Шартта белгіленді және Серіктес оларды тек Шартқа жалпы қосылу арқылы ғана қабылдай алады. Аутсорсингтік компания - «Просто Аутсорсинг ГК» ЖШС жеке немесе комиссиянан ретінде, бұл ретте олар мен «Просто Аутсорсинг ГК» ЖШС арасында жасалған шарттар талаптарына сәйкес басқа заңды тұлғалар Шарт бойынша комитеттің және орындаушы болады, олар ары қарай мәтін бойынша бірге немесе әрқайсысы жеке Аутсорсингтік компания дегендегі талаптарды тапсырады. Бұл ретте қызмет көрсету «Просто Бек-офис» ЖШС-га тиесілі «Просто Бек-офис» қосымшасы (бұдан әрі - "Қосымша") арқылы жүзеге асырылады.

Серіктес Аутсорсингтік компанияға бухгалтерлік есепті жүргізу, салық есептілігін өткізу, заң қызметтерін, HR-ассистенттің қызметтерін көрсету, сондай-ақ Тарифтерге сәйкес басқа ілеспеге қызметтерді (бұдан әрі - Қызметтер) көрсету бойынша функционалды тапсырады. Бұл ретте қызмет көрсету «Просто Бек-офис» ЖШС-га тиесілі «Просто Бек-офис» қосымшасы (бұдан әрі - "Қосымша") арқылы жүзеге асырылады.

Келісім номірі	№
Келісім күні	. . . ж.
Серіктес	Жеке тұлғалар үшін: ТАӘ / Заңды тұлғалар үшін: «атауы» ЖШС атынан Жарғы [немесе ж. № сенімхат дең жазылады] негізінде әрекет ететін Директоры ТАӘ [немесе басқа тұлға жазылады], ЖК үшін: ж. № Тіркеу туралы талон негізінде әрекет ететін ЖК «атауы» (Тек бір нұсқаны таңдау қажет - жеке тұлға, ЖК немесе заңды тұлға, қалғандарын және осы ескертпені өшіру қажет)
Тариф	
БСН немесе ЖСН	
Орналасқан мекенжайы	КР, к., к-сі, үй, кенсе
Банктік деректемелері	ЖСК БСК «» АҚ банкінде,
Негізгі пайдалануышы	ТАӘ
Негізгі сәйкестендіруші	үялды телефон номірі
Ескертпе* бірінші басының көрсету талап етілмейді. Серіктес осы арқылы негізгі пайдалануышы ретінде көрсетілген тұлға Аутсорсингтік компания алдында Серіктестің толық таныстыруды жүзеге асыратынын, оның барлық іс-әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі, өкімдері, нұсқаулары Серіктес үшін Шарт бойынша міндетті құқықтар мен міндеттерді қалыптастыратынын растигды.	
Электрондық пошта	электрондық пошта мекенжайы
Байланысушы тұлға	T.A.Ә., телефоны +7 (

1. Жауапкершілік

1.1. Серіктес келесілер үшін толық жауапкершілік көтереді:

1) Аутсорсингтік компания ұсынған құжаттар мен ақпараттың дұрыстығы үшін;

2) шарттар, актілер, шот-фактураларды және кез келген басқа құжаттарды қоса алғанда Серіктестің контрагенттерімен жасалған барлық мәмілелер бойынша құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін КР заңнамасында көрсетілген мерзім ішінде болуы және сақталуы үшін;

3) Серіктестің оның контрагенттерімен шарттары бойынша жұмыстардың нақты аткарылуы, қызмет көрсетілуі, тауарлардың жөнелтілуі үшін;

4) Серіктес жасайтын барлық мәмілелердің және/немесе шарттардың заңдылығы және орындау/орындауда барысында олардың салдары және т.б. үшін.

1.2. Аутсорсингтік компания Серіктеске Аутсорсингтік компанияның тек және тікелей құжаттамамен расталған әрекеттері, әрекетсіздігі және категіліктері нәтижесінде қолданылған санкциялар аясындағы шығындарды өтейді, олар Серіктестің әрекеті/әрекетсіздігінің және/немесе Шарт талаптарына сәйкес Қызмет көрсетуді тоқтату нәтижесінде туындаған жағдайлар есепке алынбайды. Аутсорсингтік компанияның Шартта және Келісімде белгіленген жауапкершілігі төменде көрсетілген тармакшалармен шектеледі және Серіктеске Қызмет көрсету арқылы өтеді (Аутсорсингтік компания ешқандай негіздеме бойынша басқа жауапкершілік көтермейді):

1) бухгалтерлік қызмет көрсету бойынша: үәкілді мемлекеттік органдарға катысты - Қызмет көрсету барысында салық және басқа инстанцияларға есептер мен мәліметтер ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін айыппұл мен өсімпұл түріндегі толық материалдық жауапкершілікпен. Бұл ретте үәкілді орган Серіктеске есептеген барлық салық сомаларын Серіктес өзі төлейді.

2) бухгалтерлік қызмет көрсету бойынша: қосымша құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) бойынша есепке уақытында койылмағаны үшін белгіленген айыппұлдарға катысты, ерекшілігі бар, себебі бұл төлену тиіс салық сомасынан тұратын жалғыз айыппұл, мұндай сома заңнамага сәйкес салыққа және айыппұлға бөлек бөлінбейді. Осыған байланысты Серіктес пен Аутсорсингтік компания арасындағы жауапкершілік келесі тәртіппен болінеді:

а) Серіктес тарарапынан ол КР заңнамасының талаптарына сәйкес ҚҚС бойынша есепке тұрған жағдайда төлеуі керек болған ҚҚС сомасы төленеді (лимитті асыру орын алған айдан кейінгі айдың 10-шы жұмыс күні), есеп келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

б) Серіктес тарарапынан ол КР заңнамасының талаптарына сәйкес ҚҚС бойынша есепке тұрған жағдайда төлеуі керек болған ҚҚС сомасы төленеді (лимитті асыру орын алған айдан кейінгі айдың 10-шы жұмыс күні), есеп келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

Серіктес төлейтін айыппұл бөлігі = айналым сомасының 12% (КҚС бойынша есепке қоймадан кезең бойынша) - есепке алынған кезеңдегі КҚС (Серіктестің жеткізуілерінен алынған электрондық шот-фактуралар жүйесінен алынады).

b) Аутсорсингтік компания тараپынан келесі формула бойынша негізгі бөлігі толенеді:

Аутсорсингтік компания төлейтін айыппұл бөлігі = айыппұл мөшері - Серіктес төлейтін сома (жогарыдағы a) ти. бойынша).

c) сондай-ақ Аутсорсингтік компания мемлекеттік кірістер органына ҚҚС бойынша есепке қою туралы салық өтінішін беру мерзімін бұзғаны үшін айлық есептік көрсеткіштерде белгіленген, тіркелген айыппұл мөшерін төлейді.

3) бухгалтерлік және заң қызметтерін көрсету бойынша: қайтарылуы мүмкін немесе төленген соманың басқа төлем түрлеріне есепке алынуы жүзеге асырылуы мүмкін артық төленген салық сомалары мен бюджетке басқа да төлемдерге қатысты Аутсорсингтік компания өтемақы төлеуді жүзеге асырмайды, бұл ретте Серіктес үшін ары қарай әрекет етудің нұсқалары ұсынылады. Серіктес нұсқаны таңдаудан бас тартқан, шешім қабылдамаған, орындауға жәрдемдесуден бас тартқан жағдайда жауапкершілік толығымен Серіктесте болады.

4) заң қызметтерін көрсету бойынша: уәкілді мемлекеттік органдарға қатысты - Қызмет көрсету нәтижесінде орын алған уәкілді мемлекеттік органдар алдындағы бұзушылықтар үшін айыппұлдар мен өсімпұл түріндегі материалдық жауапкершілік, бұл ретте Аутсорсингтік компанияның жауапкершілігінің сомасы 1 000 000 (бір миллион) тенгеден аспайды. Бұл ретте уәкілді орган Серіктеске есептеген барлық салықтар мен басқа да тклемдер (айыппұлдар мен өсімпұлдан басқа) сомаларын Серіктес өзі төлейді.

5) бухгалтерлік және заң қызметтерін көрсету бойынша: Серіктестің оның контрагенттермен қарым-қатынастары аясындағы шығындарына қатысты - нақты залал түріндегі шығын сомасымен шектеледі, жоғалған пайда етелмейді. Нақты залал түріндегі шығын және Аутсорсингтік компанияның жауапкершілігінің сомасы 1 000 000 (бір миллион) тенгеден аспауы тиіс. Мұндай нақты залал түріндегі шығын сомасын есептеу тәртібі Серіктестің оның контрагентімен шарт бойынша бұзылған міндеттемесі сомасының 0,1%-нан аспауы тиіс, бірақ кез келген жағдайда Серіктестің бұзылған міндеттемесінің жалпы сомасының 10%-нан артық емес.

6) бухгалтерлік және заң қызметтерін көрсету бойынша: Аутсорсингтік компанияның баға белгілеуге, Серіктестің бизнес шешімдерді қабылдаудына ықпал ететін қателіктеріне қатысты - нақты залал түріндегі шығын сомасымен шектеледі, жоғалған пайда етелмейді. Нақты залал түріндегі шығын және Аутсорсингтік компанияның жауапкершілігінің сомасы 1 000 000 (бір миллион) тенгеден аспауы және Аутсорсингтік компания Қосымшада жазбаша келіскең есеп бойынша болуы тиіс.

Жауапкершілік туралы осы тармақ Келісім мәтініне Серіктесті оның ағымдағы редакциясымен таныстыру мақсатында қосылды, біз Келісімге қол қояр кезде Серіктес қандай жауапкершілік белгіленгенін түсіне алу үшін бар күшімізді саламыз, бұл ретте Келісімнің 3.3.-т. бойынша оны өзгерту мүмкіндігімізге назар аударуын сұраймыз.

2. Төлем

2.1. Әр Тарифтың құнына келесі Қызметтердің құны кіреді:

1) бухгалтерлік есепті жүргізу, заң қызметтерін, сондай-ақ Серіктес Тарифтеріне сәйкес Аутсорсингтік компанияның басқа да қызметтерін көрсету бойынша;

2) Қосымшаны пайдалану құқықтарына (комиссионер ретінде Аутсорсингтік компания ұсынатын, Аутсорсингтік компания мен «Просто Бэк-офис» ЖШС арасында жасалған шарт негізінде «Просто Бэк-офис» ЖШС комитетті болады).

Қызметтерді сатып алу және/немесе бөлек пайдалану мүмкін емес болып табылады.

2.2. Тарифтердің және Қосымша қызметтердің ай сайынғы құны Сайтта көрсетілген құнға сәйкес белгіленеді. «Просто Бэк-офис» ЖШС біржакты тәртіpte барлық Қызметтердің құнын өзгерте алады. Аутсорсингтік компания Серіктеске бағаның өзгергені туралы өзгерту күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын, жана Тарифтерді Сайтта жариялау арқылы хабарлайды және Серіктеске Қосымшада өзгертулер енгізілген туралы хабарлама жіберуі мүмкін.

2.3. Төлем ай сайын алғытөлеммен, бірақ қызмет көрсетілетін айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей, Аутсорсингтік компанияның банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырылады. Шарт айдың 10 (оныншы) күнінен кейін жасалған жағдайда төлем алғытөлем арқылы Шарт жасалған ай үшін және келесі күнтізбелік ай үшін бір үақытта жасалады.

2.4. Аутсорсингтік компания Қызмет көрсетуді Келісімге қол қойылған және төлем жасалған күннен бастайды. Шартта және Келісімде белгіленген мерзімде ағымдағы төлемдер жүргізілмеген жағдайда Аутсорсингтік компания ары қарай қызмет көрсетуді тоқтатуы мүмкін.

2.5. Төлем тәртібі бұзылған жағдайда Аутсорсингтік компания Шарттың күшін тоқтата отырып, қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы, бұл ретте тоқтатылған күннен бастап Серіктес алдында жауапты болмайды. Төлем алған кезде қызмет көрсетуді қайта бастайды және Шарттың күшін қалпына келтіреді, бірақ жаңа төлем жасалған күннен бастап жауапкершілік көтереді, тоқтату кезеңінде бухгалтерлік базаны қалпына келтіру үшін бөлек тариф белгіленеді.

3. Өзге талаптар

3.1. Серіктес Аутсорсингтік компанияның және «Просто Бэк-офис» ЖШС-нің дербес деректерді, соның ішінде аудиоқоңыраулар, аудиhabарламалар, бейнежазбалар аясындағы, соның ішінде Қосымша мен сайты пайдалану туралы шартты жасасу туралы жария офертаны қабылдау аясында ұсынылғандарды қоса алғанда дербес деректерді жинауға, өндеуге, сақтауға және пайдалануға өзінің сөзсіз және қайтарылып алынбайтын келісімін, сондай өз қызметкерлерінен және өкілдерінен мұндай келісімді алғанын растайды.

3.2. Серіктес Аутсорсингтік компанияға тапсырылатын мәліметтер/акпарат, құжаттама, от интернет-банкинг кілті, ЕЦК және т.б. банктік, салықтық және басқа да купияны құрайтынын растайды, Серіктес Аутсорсингтік компанияның және «Просто Бэк-офис» ЖШС-нің мұндай деректерді ары қарай алуына, иеленуіне және пайдалануына келісімін береді.

3.3. Шартқа және Келісімге өзгертулер мен толықтыруларды Аутсорсингтік компания енгізеді және олар Сайтта жарияланады, өзгертулер осылай жарияланған күннен бастап күшіне снеді, Серіктес өздігінен танысып шығады. **Шарт мәтініндегі және Серіктес қол қойған Келісім нұсқасында қарама-қайшылықтар болған жағдайда (өзгертулер енгізу нәтижесінде) Шарт мәтіні (өзертілген Келісім мәтінін тұратын) басым күшке ие болады.**

3.4. Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Алматы қ. Мамандандырылған ауданаralық экономикалық сотында сот тәртібінде қаралады. **Барлық даулар мен келіспеушіліктерді шешу, сондай-ақ сот жұмысы орыс тілінде жүргізілетін болады.**

3.5. Осы арқылы Серіктес Аутсорсингтік компанияның Шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға тапсыруына өз келісімін береді, бұл ретте Серіктестің қосымша келісімі және/немесе Шартты қайта жасасу, оған қосымша келісім жасау талап етілмейді.

3.6. Тараптар осы арқылы Қосымша ресми коммуникация құралы болатынын және олар арқылы алынғаның барлығы ресми болатынын және Тараптар қағаз нұсқада ұсынылған құжаттардың және ЭЦҚ арқылы қол қойылған құжаттардың түпнұсқаларымен бірдей қабылдайтынын растайды.

3.7. Аутсорсинговая компания және/немесе «Просто Бэк-офис» ЖШС бейнежазбаны, аудиожазбаны, соның ішінде Серіктестің қонырауларын және аудиохабарламаларын жазуға құқылы, алынған аудио/ бейнематериалдарды олар жасалған (жазылған) күннен бастап 5 жылдан кем емес уақыт сақтауга құқылы, Серіктес осы арқылы оған өз келісімін береді, сондай-ақ қонырау шала отырып және/немесе аудиохабарламаны жаза отырып, Серіктес, Серіктестің пайдаланушысы оған өз келісімін береді.

3.8. Келісім Тараптардың әрқайсысына бір-бірден берілетін, бірдей заңды күші бар екі данада жасалды. **Келісім орыс және қазақ тілдерінде жасалды, келісімнің мәтіндерінде кез келген қарама-қайшылықтар болған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.**

4. Серіктестің қолы

Осы Келісімге қол қоя отырып, Серіктес Шарттың, Қосымшаны және сайтты, соның ішінде Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартты жасасу туралы жария офертаны, «Просто Бэк-офис» ЖШС-нің Құпиялыштық саясатын пайдалану туралы шарттың барлық талаптарымен, Келісімде көрсетілген Негізгі пайдаланушы мен Негізгі сәйкестендіруші деректерімен танысып шыққанын және олармен келісетінін растайды.

**«_____» ЖШС директоры (заңды тұлғалар үшін, жеке тұлғалар үшін тек ТАӘ) _____ ТАӘ
Келісімді «Просто Аутсорсинг ГК» ЖШС Директоры А.В. Ким қабылдады _____**

1-параграф. Серіктеске бухгалтерлік қызмет көрсету талаптары

1. Қызмет көрсетуге қосылу:

1.1. **Мерзімдері:** қызмет көрсетуге қосылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Аутсорсингтік компанияға төменде белгіленгенниң барлығын тапсыру.

1.2. Серіктес келесілерді ұсынуы тиіс:

- 1) Занды тұлғаға/ЖК-ға қызмет көрсетудің барлық кезеңіне Серіктестің ЭЦҚ және оған құпиясөзді ,
- 2) Электрондық шот-фактуралардың акпараттық жүйесі (ЭШФ АЖ) порталына кіретін құпиясөзді, бетті сәйкестендіру қажет болғандықтан тіркелуді серіктес өзі жузеге асырады,
- 3) Серіктестің (онтайлы нұсқасы) немесе Аутсорсингтік компания ұсынған жеке тұлғаның атына шыгарылған, қол қою құқығының төлемдер құру құқығымен онлайн банкинг кілттерін,
- 4) 1С Бухгалтерия базасын (бар болса dt файлды),
- 5) Қосымшада сұратылатын құрылтайшы және өзге де құжаттар қатары.

1.3. Аутсорсингтік компания:

1) Серіктестен істерді қабылдаған кезде тапсырылатын істерді, 1С акпараттық базасын тексермейді және істерді қабылдау қателіктердің жоқтығын, Серіктестің ісіндегі барлық деректердің дұрыстығын білдірмейді.

2) Қосымшада және электрондық пошта арқылы Серіктестің 1С базасын алған күнгі айналымдық-қалдықтық тізімдемені жіберу арқылы алынған деректерді тіркейді.

2. Экспресс талдау:

Экспресс талдау – Аутсорсингтік компанияның тапсырылатын деректерді, Серіктестің 1С акпараттық базасын тексеруді жузеге асыруы және қателіктер, бухгалтерлік есептің қате жүргізуін және басқа да бұзушылықтарды анықтаған жағдайда оны экспресс-талдау бойынша актіде көрсетуі. Бұл ретте Аутсорсингтік компания Серіктестің қызметіне аудит жүргізбейді, оның істеріне, базаларына және басқасына жан-жақты талдау және/немесе оларды толық тексеру бойынша рәсімдерді жүргізбейді және тек үстіртін талдауды жузеге асырады.

2.1. **Мерзімдері:** Экспресс талдау Аутсорсингтік компания №2 Қосымшаның 2.2.-тармағында сұратқанының барлығы берілген күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде жузеге асырылады.

2.2. Серіктес келесілерді ұсынуы тиіс:

- 1) Серіктестің 1С базасының акпараттық базасын,
- 2) тексерілетін кезең бойынша барлық есептік шоттар бойынша банктің үзінді көшірмелерін (корпоративтік картаны немесе қызмет көрсететін банктің ауысуын қоса алғанда, онлайн банкингте барлық шоттар мен тарих қолжетімсіз болса);
- 3) тексерілетін кезең бойынша касса кітабын (касса аппараты/ онлайн касса, вебкасса болған жағдайда, егер барлық кассалар және ФДО тарихы қолжетімсіз болса);
- 4) тексерілетін кезең бойынша басқа төлем жүйелері болған жағдайда POS-терминалдардан үзінді көшірмелер (егер барлық акпарат пен тарих қолжетімсіз болса);
- 5) компанияның есептік саясатын.

2.3. Аутсорсингтік компания:

- 2.3.1. істерді қабылдауды жузеге асырады және Серіктес үшін экспресс-талдау жүргізеді.
- 2.3.2. Экспресс-талдау нәтижелері бойынша Қосымшада жіберілетін акт жасауды жузеге асырады.
- 2.3.3. Жедел талдау бойынша актіде келесі акпарат болуы мүмкін (коса алғанда, бірақ шектелмesten):
 - a) Аутсорсингтік компания Серіктестен қабылдаған құжаттамаға, 1С базасына және т.б. нұсқау;
 - b) қабылданатын акпарат және құжаттар бойынша талдау түрінін/ шегінің сипаттамасы (барлық қызмет аудиті емес);
 - c) қабылданатын құжаттар мен акпаратта анықталған қателіктер және оларды жою бойынша ұсыныстар;
 - d) дұрыстау тәртібі мен ол үшін жауапкершілік, дұрыстаулардың накты тізімі (қажет және онда Серіктестің оларды жузеге асыруға келісімі немесе бас тартуы көрсетілуі тиіс);
 - e) соңғы қабылданған базалар, құжаттар, құжаттардың тізімдемесі және қалдықар көрсетілген есептілік;
 - f) 1С базасының деректерін салық есептерінің деректерімен салыстырып тексеру;
 - g) басқасы.
- 2.3.4. Бұл ретте кейінгі іс-әрекеттің бірнеше нұсқасы бар:
 - 1) анықталған қателіктерді/бұзушылықтарды қалпына келтіру/дұрыстау/ түзету қажет - Аутсорсингтік компания Серіктеске оны жузеге асыруды ұсынады:

a) Серіктес келісken жағдайда Аутсорсингтік компания қажет қалпына келтіруді/дұрыстауларды/түзетулерді жузеге асырады. Қалпына келтіру үшін Тарифтерге сәйкес қосымша төлем жасалады, қалпына келтіру барысында қосымша жұмыс қажеттілігі туындауды мүмкін.

b) Серіктес бас тартқан жағдайда Аутсорсингтік компания қажет қалпына келтіруді/дұрыстауларды/түзетулерді енгізбейді, бұл ретте Аутсорсингтік компания мұндай қателіктер үшін туындаған бұзушылықтар үшін және/немесе олар үшін басқа бұзушылықтар туындаған кезде жауапкершілік көтермейді және Серіктестің ағымдағы істерін жүргізу мүмкін, алайда, кез келген бұзушылықтар, қателіктер, айыппұлдар, салынған тыыймдар және басқасы бойынша жауапкершілікті Серіктестің өзі көтереді. Серіктес қалпына келтіруден/қателіктерді түзетуден бас тартқаны үшін істі дұрыс жүргізбеу салдарына байланысты Қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда, Аутсорсингтік компания Серіктеске қызмет көрсетуден біржакты тәртіпте бас тартуға және электрондық пошта және/немесе Қосымша арқылы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты бұзуга құқылы.

c) Бухгалтерлік есепті қалпына келтіруді/дұрыстауды/түзетуді Серіктес өзі және/немесе Серіктес тартқан үшінші тарап жузеге асырады. Бұл ретте қайталама жедел талдауды Аутсорсингтік компания мұндай қалпына келтіруді жузеге асырғаннан кейін қосымша тарифтеу бойынша жүргізеді. Аутсорсингтік компания Серіктестің ағымдағы істерін жүргізуді осындаі қалпына келтіру/дұрыстау/түзету негізінде жузеге асыруы мүмкін, бұл ретте бухгалтерлік есеп базасы/ онда көрсетілген деректер және ақпарат үшін жауапты болмайды, тек Серіктеске қызмет көрсете отырып, соның ішінде Серіктестің ағымдағы бухгалтерлік есебін жүргізу кезінде оған негізделеді. Қателіктер анықталған, соның ішінде уәкілетті органдар анықтаған кезде және/немесе мұндай қателіктер үшін туындаған бұзушылықтар анықталған кезде және/немесе олар үшін басқа бұзушылықтар туындаған кезде кез келген бұзушылықтар, қателіктер, айыппұлдар, салынған тыыймдар және басқасы бойынша жауапкершілікті Серіктестің өзі көтереді. Серіктес дұрыс қалпына келтірмегені/қателіктерді түзетпегені үшін істі дұрыс жүргізбеу салдарына байланысты Қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда, Аутсорсингтік компания Серіктеске қызмет көрсетуден біржакты тәртіпте бас тартуға және электрондық пошта және/немесе Қосымша арқылы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты бұзуга құқылы.

2) Анықталған қателіктерді қалпына келтіру/дұрыстау/ түзету мүмкін емес - Аутсорсингтік компания бұл ақпаратты жедел талдау бойынша актіде көрсетеді. Аутсорсингтік компания мұндай бұзушылықтар үшін және/немесе олар үшін басқа бұзушылықтардың туындағаны үшін жауапкершілік көтермейді.

2.3.5. Аутсорсингтік компанияның Серіктестен істерді қабылдауды **келесілерді білдірмейді**:

- 1) қателіктердің жоқтығын,
- 2) Серіктестің барлық базалары мен құжаттарының дұрыстығын,
- 3) барлық қабылданғандардың заңнама талаптарына сәйкестігін,

және Аутсорсингтік компанияның да, уәкілетті мемлекеттік органдардың да кейін мұндай қателіктерді анықтамайтынына **кепіл болмайды**.

3. Қалпына келтіру:

Калпына келтіру - Аутсорсингтік компания қызмет көрсетпеген кезең бойынша Серіктестің бухгалтерлік және салық есебін қалпына келтіру және қателіктер мен кемшиліктерді түзету үдерісі. Серіктес келісken жағдайда ғана жузеге асырылады. Қалпына келтірудің барлық мәселелерін тараңтар Қосымшада талқылайды.

3.1. Мерзімдері: қалпына келтіру жузеге асырылатын кезеңді Тараңтар Қосымшада келіседі.

3.2. Талаптары:

3.2.1. Қалпына келтіру келесілерден тұрады:

- 1) бухгалтерлік есеп телімдерін қалпына келтіру;
- a) ұсынылған банктің (банктерің) барлық есеп шоттар бойынша үзінді көшірмелерге, касса кітаптарына сәйкес ақша қаржатының қозғалысы;
- b) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу;
- c) аванстық есептер;
- d) тауарлардың (жұмыстарды, қызметтерді) түсімі;
- e) қызметкерлер мен жеке тұлғалардың кірістері бойынша аударымдар;
- f) негізгі құралдар, бейматериалдық активтер, амортизация;
- g) өндірістік операциялар;
- h) түгендегу нәтижелері бойынша ТМК есептен шығару/есепке алу және басқа да қажетті және міндетті бухгалтерлік операциялар;
- 2) есептелеген және төленген салықтар, жарналар, аударымдар бойынша деректерді салық мағлұмдамаларының деректерімен салыстыру;
- 3) салықтар/жарналар/аударымдар бойынша бересі анықталған жағдайда өсімұлдарды, жарналарды, аударымдарды есептеу;
- 4) айыппұлдар және қосымша есептелінген салықтар, жарналар, аударымдар, өсімпұл бойынша төлем талаптарын құру және жіберу;
- 5) қосымша мағлұмдамаларды құру және жіберу;
- 6) қалпына келтірудің барлық мәселелерін тараңтар Қосымшада талқылайды.

3.3. Серіктес:

- 1) қалпына келтіру бойынша жұмыстар басталғанға дейін қадпына келтіру кезеңі бойынша барлық құжаттарды/ ақпаратты ұсынады,
- 2) қалпына келтіру кезінде анықталуы тиіс бір топ мәселелерді шектеу мақсатында қандай да бір іс-әрекет жасамауы тиіс,
- 3) Серіктестің бухгалтерлік есептілігінің дұрыстығы туралы оның пікірін өзгерту мақсатында Аутсорсингтік компанияға кез келген түрде қысым көрсетпеуді тиіс.

3.4. Аутсорсингтік компания:

- 1) қалпына келтіруді жүргізеді, Серіктес ұсынған құжаттар негізінде, КР заңнамасының талаптарына сәйкес есепті қалпына келтіру нысандары мен әдістерін өзі белгілейді,
- 2) қалпына келтіруге катысуға қосымша аудиторларды (мамандарды), басқа кенесшілерді немесе сарапшыларды тартуға құқылы,
- 3) Серіктес қажет құжаттаманы және/немесе ақпаратты ұсынбаған жағдайда қалпына келтіруді жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.
- 4) Қалпына келтіру бойынша акт құрады,
- 5) қалпына келтіру нәтижелері бойынша айналымдық-қалдықтық тізімдемені және қалпына келтіру актісін электрондық пошта арқылы тіркейді.

3.5. Аутсорсингтік компанияның жауапкершілігі:

- 1) қалпына келтіру кезеңінде Аутсорсингтік компания қалпына келтірмеген есеп телімдері үшін жауапты болмайды,
- 2) егер бухгалтерлік базаны қалпына келтіруді жүзеге асырса (қалпына келтіру кезеңі үшін) Қызмет көрсету басталғанға дейінгі кезең үшін жауапкершілікті көтеруі мүмкін, бірақ Шартта, Келісімде және Тараптардың басқа да уағдастықтары арқылы белгіленген шектеулер мен талаптар есебімен.

4. Ағымдағы қызмет көрсету:

4.1. Осы параграфта және Шарт мәтінінде қолданылатын терминдер:

- 1) Бұрынғы кезең - ағымдағы қунтізбелік жыл ішіндегі кезеңдерді қоса алғанда (егер есептілк айға/тоқсанға/жарты жылдыққа катысты болса), кезең бойынша есептілікті өткізуіндің соңғы мерзімі өтіп кеткен кезең.

4.2. Аутсорсингтік компанияның мерзімдері:

- 4.2.1. Аутсорсингтік компания Серіктес сұратуы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сұратуларды өндейді, жауап береді және басқа қажет іс-әрекеттерді орындаиды.
- 4.2.2. Серіктес жұмыс күні 16.00-ге дейінгі мерзімде өткізгендің барлығы (сұратулар, құжаттар, ақпарат және басқасы) ағымдағы жұмыс күні алынған болып саналады, көрсетілген уақыттан кейін алынғандар келесі жұмыс күні алынған болып саналады.

- 4.2.3. Бұрынғы кезеңдер бойынша құжаттар ұсынылған жағдайда бухгалтер қызметін көрсету аясындағы тапсырмалардың кезектілігі және оларды орындау ерекшеленеді және №2 Қосымшаның 4.6.-тармағында көрсетілген.

- 4.2.4. HR-ассистент және зангер қызметін көрсету аясындағы тапсырмалардың кезектілігі және оларды орындау тарифтер аясында белгіленеді, бұл ретте тапсырмалар кезектілік ретімен орындалады және келіп түскен тапсырмалардың бір уақытта орындалуын көздейді.

4.2.5. Басқа мерзім келесі жағдайларда белгіленуі мүмкін:

- 1) егер орындауга көбірек уақыт қажет болса, бұл туралы сұрату келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлаймыз,
- 2) егер сұратуды орындау мерзімі аяқталуға жақын болса немесе өтіп кетсе, Аутсорсингтік компания сол уақытта атқарылған жұмыс туралы жауабымен оралуы тиіс, бұл ретте жауап беру үшін неліктен қосымша уақыт қажет екенін түсіндіріу тиіс (толығырақ зерттеу қажет, киын, ауқымды мәселелерге катысты қолданылады),
- 3) Серіктес жаңа құжаттар мен ақпарат берген жағдайда мерзім қайта қаралады, себебі зерделеу мен талдау үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін,
- 4) Аутсорсингтік компанияның ішкі құжаттарымен,
- 5) Тараптардың келісімімен,
- 6) Қызмет көрсету мерзімі ұзағырақ уақыт алады деп көзделген, мысалы, тарату, қайта ұйымдастыру, айрықша құқық салалары бойынша қорытындылар және т.б..

4.3. Серіктеске белгіленген мерзімдер:

- 4.3.1. Серіктес №2 Қосымшаның 4.4.-тармағында көрсетілген құжаттар мен ақпаратты уақтылы ұсынуы тиіс.
- 4.3.2. Серіктестің Қосымшада алта сайынғы негізде, әр жұма күні 17:00-ден кешіктірмей ұсынуы уақтылы ұсыну болып саналады. Серіктестердің қызметкерлерінің жалақысы бойынша құжаттарға катысты мерзімдер басқа болуы мүмкін. Бұл ұғым осы жерде және Шарттың мәтіні бойынша бүкіл жерде қолданылады.
- 4.3.3. Құжаттарды уақтылы ұсынбау (бұл ұғым осы жерде және Шарттың мәтіні бойынша бүкіл жерде қолданылады) - бұл (қоса алғанда, бірақ шектелмesten):

- 1) Серіктестің бұрынғы кезеңдер бойынша құжаттарды ұсынуы,
- 2) құжаттар мен ақпаратты олар бойынша орындау мерзімдері өткеннен кейін және/немесе орындау мерзімі басталғанға дейін 3 күннен аз уақыт қалғанда ұсыну (мысалы, мемлекеттік органдардың сұратулары).

4.4. Серіктес

4.4.1. Аутсорсингтік компанияға келесілерді уақтылы тапсырып отыруға міндеттенеді:

- 1) Аутсорсингтік компанияның міндеттемелерді орындау үшін қажет ақпарат пен құжаттарды, соның ішінде оның сұратулары бойынша. Барлық құжаттардың көшірмелері, соның ішінде сканерленген көшірмелері беріледі:

a) бастапқы бухгалтерлік құжаттама,

b) жасалған қаржылық-шаруашылық шарттар,

c) барлық есептік шоттар бойынша банктің үзінді көшірмелер (корпоративтік картаны немесе қызмет көрсететін банктің аудиосуын қоса алғанда, онлайн банкингте барлық шоттар мен тарих қолжетімсіз болса);

d) касса кітабы (касса аппараты/ онлайн касса, вебкасса болған жағдайда, егер барлық кассалар және ФДО тарихы қолжетімсіз болса);

e) тексерілетін кезең бойынша басқа төлем жүйелері болған жағдайда POS-терминалдардан үзінді көшірмелер (егер барлық ақпарат пен тарих қолжетімсіз болса)

f) және басқасы.

Егер оларды ұсынусыз Қызмет көрсету мүмкін болмаса, Аутсорсингтік компания толық және/немесе бір бөлігі (бөлек мәселе бойынша) ұсынылғанға дейін Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды токтата тұруға құқылы:

2) үәкілді органдардың (соның ішінде мемлекеттік кірістер органдарының (салық органдарының) хабарламалары/ хаттары және басқа құжаттары;

3) жазбаша түрде Серіктестің құжаттарындағы және деректеріндеғи көрсетілетін Қызметтерге әсер етуі мүмкін кез келген өзгерістері туралы ақпаратты (мұндай өзгерістер күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде);

4) Қызмет көрсету үшін Аутсорсингтік компанияның қызметкерлеріне сенімхаттарды (қажет болса);

5) Серіктестің банктегі код сөзін (көбінесе, Серіктес банкімен төлемдерді жүзеге асыру, төлем құрудагы қателіктер және басқалары бойынша коммуникация үшін оны ұсыну қажет), бұл ретте Серіктес:

a) Аутсорсингтік компанияға код сөзін беруі мүмкін,

b) көрсетілген мәселелер бойынша банкпен байланысты өзі жүзеге асыруы мүмкін.

4.4.2. Серіктес R-keeper, 1С-біздің фирманды басқару және кез келген деректерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмesten, Аутсорсингтік компанияның бухгалтерлік базасымен интеграцияланған жүйелерден алынған ақпарат үшін жауапты болады.

4.5. Аутсорсингтік компания:

4.5.1. Келесіні бакылауды жүзеге асырады:

1) іске асыру деректерін ЭШС деректерімен, интернет-банкингтен үзінді көшірмелермен салыстырып тексеруді,

2) бастапқы құжаттарды ұсынған кезде шарттардың болуын,

3) R-keeper, 1С-біздің фирманды басқару және кез келген деректерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмesten, Аутсорсингтік компанияның бухгалтерлік базасымен интеграцияланған жүйелерден деректерді және ондағы ақпараттың шығарылуы кезінде. Аутсорсингтік компания бар деректерді шығаруды жүзеге асырады, мұндай деректермен ФДО-дағы, 1С базадағы деректердегі тізімдер және қалдықтар бойынша қарама-қайшылықтардың болуын тексереді.

Және Серіктеске бастапқы, есептік құжаттарды, Аутсорсингтік компанияға бухгалтерлік және салық есебін, заңды сүйемелдеуді жүзеге асыру үшін табысталған басқа да құжаттарды өзі жасаған кезде Серіктес жіберген дәлсіздіктер, қателіктер және бұзушылықтар туралы хабарлайды, бірақ тек Аутсорсингтік компания мұндай тексеруді жүзеге асыра алатын және барлық қажет деректер болған жағдайдаға.

4.5.2. Заң қызметтерін және HR-ассистент қызметтерін көрсету аясында Аутсорсингтік компания тек Серіктестің сұратулары бойыншаға ғана қызмет көрсетеді және өздігінен сұратуларға бастамашылық етпейді және койылған сұрақтар шегінен шықпайды.

4.5.3. Төменде көрсетілген жағдайларда Аутсорсингтік компания шешімді өз қарауына қарай қабылдауға құқылы, соның ішінде мүлдем ештеңе істемеу, өз қарауына қарай құжаттарды есепте көрсетпеу немесе көрсету туралы шешім қабылдай алады және мұндай шешімдер мен кейінгі тәуекелдер үшін толығымен Серіктес жауапты болады. Себебі қызмет көрсету үдеріске екі жақтың қатысуын талаң етеді және елемеушілік Серіктестің бухгалтерлік және салық есебінде, заң қызметтері мен HR-ассистент қызметтерін көрсету аясында Серіктестің қызметіндегі қателіктер мен бұзушылықтарға әкелуі мүмкін.

1) мұндай мәмілелер бойынша қаржылық-шаруашылық шарттарды ұсынусыз бастапқы құжаттарды ұсынған жағдайда Серіктес мұндай мәміле, бухгалтерлік есепте құжаттарды көрсету тәртібі бойынша, соның ішінде Аусторсингтік компанияның сұратуы бойынша ақпаратты ұсынып отыруға міндетті, қажет болған жағдайда Серіктес кейінгі іс-әрекеттер туралы шешім қабылдауы тиіс.

2) егер Серіктеске жіберілген сұрақтар елеусіз қалдырылса немесе Серіктес жауап беру мерзімін кейінге ауыстыраса, бірақ Аутсорсингтік компанияға сол күйі жауап бермесе,

3) Қарама-қайшылықтар және/немесе заңнаманың айқын емес нормалары, бірнеше шешім нұсқаларын қолдану мүмкіндігі және т.б. болған жағдайда, соның ішінде, салық салу, есептілік жасау және басқасын қоса алғанда, Аутсорсингтік компания Серіктестен кейінгі іс-әрекет бойынша өкім алу мақсатында, анықталған қарама-қайшылықтар мен олардың мүмкін салдарын көрсете отырып, бұл туралы Серіктеске хабарлай алады. Бұл ретте Серіктес өз қалауы бойынша, өздігінен немесе өз есебінен үшінші тарапты тарта отырып, мұндай сұратуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде соңғы шешімді қабылдайды және оны Аутсорсингтік компанияға, оған өз шешімін орындауға үәкілеттік бере отырып, хабарлайды.

4.5.4. Аутсорсингтік компания келесілер үшін жауапкершілік көтереді:

1) бухгалтерлік база бойынша - Шартта және Келісімде белгіленген талаптар есебімен тек Аутсорсингтік компания Қызмет көрсеткен кезең үшін, соның ішінде Серіктес үәкілетті органнан бухгалтерлік есепті жүргізу бойынша хабарламалар алған жағдайда,

2) үәкілетті мемлекеттік органдардың хабарламаларына жауаптарды дайындау бойынша - тек Қызмет көрсету кезеңінде.

4.5.5. Аутсорсингтік компания келесілер үшін жауапкершілік көтермейді:

1) Серіктес үәкілетті органдардың (соның ішінде мемлекеттік кірістер органдарының (салық органдарының) хабарламалары/ хаттары және басқа құжаттарын ұсынбаған/уақтылы ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ негізделгендігіне және Тараптардың кінесіне қарамастан айыппұлдардың салынғаны және басқа шаралар үшін жауапкершіліктен босатылады және бұл жағдайда айыппұлды төлеуді Серіктес жүзеге асырады.

2) үәкілетті органдарға есептілікті өтізк мерзімдерін бұзғаны үшін, сондай-ақ орын алуы Серіктестің құжаттар мен ақпаратты ұсынбауына/уақтылы ұсынбауына экеліп соққан бұзушылықтар үшін,

3) егер қызмет көрсетуді жаңарту (бұзу/тоқтату жағдайларында) есептілікті өткізуінде соңғы күніне дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен аз мерзім қалғанда орын алса, есептілікті өткізу мерзімдерін бұзғаны үшін,

4) Серіктес Аутсорсингтік компаниядан бағдарламалар мен жүйелерін уақытша пайдалану құқығын жалға алған жағдайда, мұндай бағдарламалар мен жүйелердегі деректер үшін жауапкершілікті Серіктес көтереді, Аутсорсингтік компания оларды тексеруді жүзеге асырайды және ондағы деректерді қадағаламайды,

5) егер КР заңнамасының нормаларына негізделген және нормаларына сәйкес келетін консультациялар мен қорытындылар берген жағдайда, бұл ретте үшінші тұлғалар немесе үәкілетті органдар нормаларды басқаша түсінсе және/немесе басқа, қосымша талаптар қойса. Бұл тармақ Аутсорсингтік компания тек КР заңнамасына ғана негізделетіндіктен және үшінші тұлғалардың немесе үәкілетті органдардың заңнама нормаларын қолдану тәжірибесіндегі айырмашылықтыр үшін жауапкершілік көтермейтіндігіне байланысты белгіленеді.

4.5.6. Серіктес Аутсорсингтік компания қызмет көрсетпеген кезең бойынша үәкілетті органнан хабарлама алған жағдайда ол хабарламаға жауапты дайындауды қосымша тарифтеу бойынша жүзеге асыруы мүмкін.

4.6. Ауытқулар:

Серіктестің құжаттарды уақтылы ұсынбауы Аутсорсингтік компанияның жүктемесін арттыратынына байланысты мұндай маселелерді өндөу және есептілікті өткізу мерзімі стандартты бола алмайды және Аутсорсингтік компанияның жүктемесіне қарай түзетіледі. Сондай-ақ Аутсорсингтік компания бірінші кезекте құжаттар мен ақпаратты уақтылы ұсынатын Серіктестердің тапсырмаларын орындаітынын атап өткен жөн.

4.6.1. Егер,

1) шартты тоқтату (немесе бұзу) орын алса және қызмет көрсету үәкілетті органдарға есептерді өткізу мерзіміне 15 (он бес) күнтізбелік күн немесе одан аз уақыт қалғанда қайта басталса,

2) Бұрынғы кезең бойынша құжаттар ұсынылса,

Бұл жағдайда Аутсорсингтік компания:

1) 5 жұмыс күнінен кем емес мерзімде ұсынылған құжаттарға бағалау жүргізеді,

2) бұдан кейін қалпына келтіру/өндөу және бухгалтерлік есепте мұндай құжаттарды көрсету мерзімін белгілейді,

3) кейінге шегеру мерзімі қалпына келтіру/өндөу мерзімінен жақын болса есепті белгіленген мерзімде тапсыратынына кепілдік бермейді және есепті өткізу мерзімін бұзғаны үшін жауапкершілік көтермейді.

4.6.2. Аутсорсингтік компания есептілікті тапсыруды келесі тәсілдердің бірімен жүзеге асырады (қайсысын қолдануга келетініне және Серіктеспен келіслегеніне қарай):

1) Аутсорсингтік компания нөлдік мәнмен есептерді өткізеді. Қалпына келтіруден/өндөуден кейін Аутсорсингтік компания қолданыстағы деректер көрсетілген қосымша есептерді өткізеді.

2) Егер бұл жағдайда қолданылатын болса, Аутсорсингтік компания үәкілетті органдарға есепті тапсыру мерзімін ұзарту туралы етініш береді. Ұсынылатын кейінге қалдыру кезеңі Серіктестің үәкілетті органдарға белгілеген тәуекелденгейіне байланысты.

5. Серіктеспен шартты тоқтату және бұзу

5.1. Мерзімдері:

1) Аутсорсингтік компанияның бастамасымен шартта және Келісімде белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

2) Серіктестің бастамасымен - егер Серіктес бұрынғы кезең бойынша құжаттарды ұсынбаған жағдайда 1С Базасын дайындау және тапсыру шартты тоқтату немесе бұзу күніне дейінгі 10 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте көрсетілген 1С базасын дайындау және тапсыру мерзімі өткен күн Шарт бұзылған күн болып саналады.

5.2. Шарттары:

5.2.1. Ағымдағы салық кезеңінде Шартты тоқтатқан/бұзған жағдайда КР заңнамасы бойынша соңғы өткізу мерзімі Шарт тоқтатылған/ бұзылған күннен кейін болып белгіленген барлық салық және басқа есептілікті Серіктес өзі өткізеді.

5.2.2. Шарт тоқтатылған/бұзылған жағдайда және Серіктес Аутсорсингтік компанияға қызмет көрсетуді жүзеге асырмайтын кезеңде уәкілдепті органнан хабарламалар алған жағдайда, іс-әрекет кезектілікпен көрсетілген:

1) уәкілдепті органда жағдайды анықтау, хабарлама не үшін келгенін анықтау, кезеңі қандай екенін анықтау және басқа да егжей-тегжейін қоса алғанда мұндай хабарламалармен Серіктес өзі жұмыс істейді,

2) Аутсорсингтік компанияның кінәсі бар немесе жоқ екенін анықтау міндеті Серіктеске жүктеледі,

3) егер Серіктестің акпараты бойынша бұл Аутсорсингтік компанияның кінәсі болса, Серіктес Қосымша немесе Сайтта көрсетілген басқа ресми байланыс деректері арқылы Аутсорсингтік компанияға жүтінуі тиіс.

4) Аутсорсингтік компания өз тексерісін жүргізді және кінәсі болған жағдайда 1С базасына қажет түзетулерді енгізеді және қағаз тасымалдағышта қосымша салық маглұмдамасын дайындауды жүзеге асырады, оларды уәкілдепті органға Серіктес өткізеді.

5) хабарламаға жауапты Серіктес өзі дайындаиды.

5.2.3. Шарт бұзылған жағдайда бұзу күннен бастап 5 (бес) қүнтізбелік күн ішінде соңғы есеп айырысу жүргізілуі тиіс. 1С Базасы Шарт бойынша толық төлем жасалғаннан кейін тапсырылуы мүмкін.

5.2.4. Шарт бойынша төлем жасамауына, уәкілдепті органдарда Серіктес қызметінің тоқтатылуына байланысты қызмет көрсету тоқтатылған жағдайларды қоса алғанда Аутсорсингтік компания бұрын Серіктеске қызмет көрсетуді тоқтатқан болса, бұл жағдайда 1С Базасы тоқтату күніндегі күйінде, сол күнгі жағдай бойынша бар акпарат есебімен беріледі. Бұл ретте тапсыру Серіктес Аутсорсингтік компания алдындағы берешегін толық төлегеннен кейін жүзеге асырылады.

5.2.5. Серіктес шартты бұзу/тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдафда, егер бұл ретте Серіктес бұрынғы кезең бойынша құжаттарды ұсынса,

1) Аутсорсингтік компания:

а) соңғы құжат ұсынылған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кем емес мерзімде ұсынылған құжаттарға бағалау жүргізеді,

б) бұдан кейін қалпына келтіру/өндөу және бухгалтерлік есепте мұндай құжаттарды көрсету мерзімін белгілейді,

с) кейінге шегеру мерзімі қалпына келтіру/өндөу мерзімінен жақын болса есепті белгіленген мерзімде тапсыратынына кепілдік бермейді және есепті өткізу мерзімін бұзғаны үшін жауапкершілік көтермейді (қалпына келтіру/өндөу мерзімі 30 (отыз) қүнтізбелік күннен асуы мүмкін).

д) бұл ретте көрсетілген бұқіл қалпына келтіру/өндөу кезеңінде Серіктеске Аутсорсингтік компания қызмет көрсетуі тиіс (яғни қызмет көрсету кезеңін ұзартуы тиіс).

е) мұндай қызметтер қосымша болып табылады ма, жок па, ол Аутсорсингтік компанияның Тарифтері негізінде анықталады. Егер Серіктес көрсетілген қалпына келтіру/өндөу кезеңінде қызмет көрсетілуінен және Тарифтер бойынша төлем жасаудан бас тартса, 1С Базасы қалпына келтірусіз/өндөусіз тапсырылады.

2) есептілікті тапсыру қажет болған жағдайда, ол келесі тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады (қайсысын колдануга келетініне және Серіктеспен келісілгеніне қарай):

а) Аутсорсингтік компания нөлдік мәнмен есептерді өткізеді. Қалпына келтіруден/өндөуден кейін Аутсорсингтік компания қолданыстағы деректер көрсетілген қосымша есептерді өткізеді.

б) Егер бұл жағдайда қолданылатын болса, Аутсорсингтік компания уәкілдепті органдарға есепті тапсыру мерзімін ұзарту туралы өтініш береді. Ұсынылатын кейінге қалдыру кезеңі Серіктестің уәкілдепті орган белгілеген тәуекел деңгейіне байланысты.

5.3. Техникалық (егжей-тегжейі) талаптар:

5.3.1. Шарт тоқтатылғаннан/бұзылғаннан кейін:

1) қызметтер төлемін жасауға шот шығарылатын болады, онда бар болған жағдайда берешектен және бұрын төленбеген қосымша қызметтер ақысынан тұратын болады.

2) Аутсорсингтік компания 1С базаны және айналымдық-калдықтың тізімдемені Шарт бойынша толық төлемді алғаннан кейін электрондық поштага жіберу арқылы Серіктеске табыстайды.

3) Аутсорсингтік компания ЭЦК кілттерін өшіреді, бұл ретте Серіктес қупиясөзді өзгертуі немесе кілттерді қайта шығаруы тиіс,

4) Аутсорсингтік компания (Аутсорсингтік компания қызметкерінің) атына шығарылған интернет-банкинг кілттері Серіктеске қайтарылмайды және Серіктес оларды өзі бұғататуы/белсенсіздіру тиіс.

5) Серіктестің атына шығарылған интернет-банкинг кілттері Серіктеске қабылдау-тапсыру акті бойынша тапсырылады, қайтару Аутсорсингтік компания орналасқан жерде немесе ол белгілеген басқа жерде жүзеге асырылады немесе егер Серіктес басқа қалада болса курьерлік қызмет арқылы поштамен жіберіледі, бұл ретте қабылдау-тапсыру актіне қол қойылмайды.

6) нақты кілттерсіз кез келген кіру рұқсаты, соның ішінде онлайн-банкинг, ЭШФ порталына кіру рұқсатын Серіктес өзі бұғаттауы тиіс.

7) Егер қызмет көрсететін банктегі код сөзі Аутсорсингтік компанияға берілген болса, Серіктес оны ауыстыруы тиіс.

5.4. Серіктестің тапсырылатын базаны тексеру және Аутсорсингтік компанияның қателерді түзетуі:

Тапсыру барысында барлық ескертурлер мен түсініктемелерді бірге жазбаша түрде ұсыну қажет, яғни, бір-бірден/бөліктермен емес, және міндепті түрде Қосымшадағы сұрақтың немесе шоттың және 1С Базасындағы құжаттың нөмірін және т.б. көрсету қажет. Бұл ретте жаңа бухгалтерге емес, Серіктеске тапсыру жүзеге асырылады. Жаңа адам уағдаластықтың егжей-тегжейін білмейді, есепті жүргізу кезеңіне толығымен кіріспеген, кейбір шешімдерді тікелей Серіктестің негізгі пайдаланушысы қабылдаған, осында жағдайларды ескере келе тапсыру кезінде Серіктестің негізгі пайдаланушысының қатысуы міндепті болып табылады. Мысал ретінде біздің Шартты жасасу кезінде есепті қабылдағанымызды келтірсек, яғни, экспресс талдауды жүзеге асырдық, онда барлық түсініктемелерді бірден бердік, тапсыру алдыңғы бухгалтерді тартусыз жүзеге асырылады.

Оның үстіне Аутсорсингтік компанияға бағытталған қателіктер шынымен де есеп кезіндегі қателік болуы мүмкін, алайда, оны Серіктеске Аутсорсингтік компания жеткізуі мүмкін және Серіктес өз кезегінде дәл солай істеу туралы шешім қабылдады немесе Аутсорсингтік компаниядан келген ақпаратты елеусіз қалдырыды, осыған байланысты Аутсорсингтік компанияның кінәсі болған жоқ. Бұл жағдайда қалпына келтіру қосымша тарифтеледі және №2 Қосымшаның 5.2.5.-тармағында көрсетілген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

5.4.1. Тапсыру үдерісін созбау және жаңа бухгалтердің базаны қабылдауымен асықпау үшін толық тексеру және бар болған жағдайда түсініктемелерді беру база тапсырылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде мүмкін болады (Серіктес қызмет көрсетуге қайта қосылған кезде Экспресс талдау жүргізу үшін дәл осында мерзім аламыз).

5.4.2. Бұл ретте Серіктес түсініктеме берілгенге дейін Аутсорсингтік компания қызмет көрсеткен кезең бойынша базага өзгерістер енгізбеу тиіс, себебі одан кейін тексеру үнемі мүмкін бола бермейді.

5.4.3. Түсініктеме алғаннан кейін Аутсорсингтік компания тексеру жүргізіп, әр ескерту бойынша шешім қабылдайды:

1) Аутсорсингтік компанияның қателігінің болуы және онымен келісу туралы, бұл жағдайда түзету қосымша төлемесін жүргізіледі,

2) негіздеме ұсына отырып, Аутсорсингтік компания кінәсінін/ жұмысында қателіктің жоқтығы туралы, бұл жағдайда түзету қалпына келтіру тәртібінде жүзеге асырылады және Тарифтерге сәйкес қосымша тарифтелетін болады.

a) егер Серіктес қалпына келтірумен келіссе, ол тиісті тарифтеумен және №2 Қосымшаның 5.2.5.-тармағында көрсетілген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

b) егер Серіктес келіспесе, Аутсорсингтік компания қалпына келтіруді жүзеге асырмайды.

5.4.4. Егер Аутсорсингтік компанияның ұстанымы мен қабылдаушы бухгалтердің ұстанымдары бір-біріне сәйкес келмесе, мәселені ары қарай тек Серіктестің негізгі пайдаланушысын талқылауға және мәселені шешуге тарту арқылыған шешу мүмкін болады.

5.4.5. Жаңа түсініктемелер мен ескертурлер алған жағдайда - Аутсорсингтік компания оларды тексеру үшін жаңа мерзім қояды.

5.4.6. Анықталған қателіктермен келіскең жағдайда Аутсорсингтік компания қателіктерді түзетеді:

1) Аутсорсингтік компанияның серверінде орнатылған базада түзетеді және 1С Бухгалтерия базасының жаңаңтарылған кешірмесін жібереді немесе

2) Серіктестің серверінде орналасқан 1С Бухгалтерия базасында түзетеді: Серіктес Аутсорсингтік компанияның бухгалтеріне кез келген уақытта қашықтықтан жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қашықтықтан кіру рұқсатын береді. Лицензияның болуы және жүйенің жұмыс істеуін техникалық тұрғыда қамтамасыз ету Серіктес тараپында.

3) Аутсорсингтік компания түзету бойынша жұмыстар басталар алдында және олар аяқталғаннан кейін АҚС тіркейді.

4) Егер Аутсорсингтік компания қалпына келтірғеннен кейін және Серіктестің есеп жүргізуі үшін 1С базасын бүкіл тарихымен немесе белгілі күнге бөлінген түрде (яғни барлық тарихсыз, тек 1С базасы бойынша қалдықтарды қөшіріп) қажет болса, мұндай іс-әрекеттерді толығымен Серіктес орындаиды.

5.4.7. Жіберілген күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде Серіктестің 1С базасын қабылдаудан жазбаша себептемелі бас тартуының болмауы Серіктестің барлық істер мен 1С базасын қабылдағанын және Қызметтер бойынша наразылықтардың жоқтығы білдіреді, Серіктестің барлық істерді қабылдағанын білдіреді.

2-параграф. Серіктеске зангерлік қызмет көрсету талаптары

1. Ағымдағы қызмет көрсету:

1. Ерекше талаптар:

1.1. Зангерлік қызмет көрсету аясындағы барлық сұратулар Аутсорсингтік компанияның қарауына қарай анықталатын мәселенің түрлі күрделілік деңгейлеріне бөлінеді:

- 1) Женіл
- 2) Орташа
- 3) Қын

- 1.2. Серіктестің сұратуының құны, сондай-ақ оны орындау жылдамдығы мен тәртібі күрделілік деңгейіне байланысты болады. Әр тапсырманы орындау үшін қажет сағаттар санын Аутсорсингтік компания белгілейді.
- 1.3. Зангер қызметі тек Серіктестерге ғана, олардың құжаттарына және қызметтіне қатысты көрсетіледі және үшінші тұлғалар үшін қолданылмайды.
- 1.4. Зангер қызмет қөрсеткен кезде келген бизнес-шарттар мен талаптар зангердің жауапкершілігі аймағына кірмейді және оларды Серіктестің өзі зерделеуі және келісіу тиіс, себебі ол оның қызметі болып табылады және бизнес бойынша уағдаластықтан тұруы мүмкін.
- 1.5. Зангерлер медициналық, құрылыс, өрт қауіпсіздігі техникасы, ақпараттық қауіпсіздік, электрондық ақша және т.б. бойынша арнаулы нормаларды қоса алғанда, бірақ шектелмesten айрықша құқық салаларының маманы емес. Егер мәселе осы салаларға қатысты болса, Серіктеске белгілі бір сала мамандарынан консультация алуға кеңес беріледі.
- 1.6. Ағымдағы айда қолданылмаган қызметтер келесі айға ауыстырылмайды.
- 1.7. Заң қызметтерін және HR-ассистент қызметтерін көрсету аясында Аутсорсингтік компания тек Серіктестің сұратулары бойынша ғана қызмет көрсетеді және өздігінен сұратуларға бастамашылық етпейді және қойылған сұрақтар шегінен шықпайды.
- 1.8. Төменде көрсетілген жағдайларда Аутсорсингтік компания шешімді өз қарауына қарай қабылдауға құқылы, соның ішінде мүлдем ештеңе істемеу туралы шешім қабылдай алады және мүндай шешімдер мен кейінгі тәуекелдер үшін толығымен Серіктес жауапты болады. Себебі қызмет көрсету үдеріске екі жақтың қатысуын талап етеді және елемеушілік заң қызметтері мен HR-ассистент қызметтерін көрсету аясында Серіктестің қызметіндегі қателіктер мен бұзушылықтарға әкелуі мүмкін.
- 1) егер Серіктеске жіберілген сұрақтар елеусіз қалдырылса немесе Серіктес жауап беру мерзімін кейінгে ауыстыраса, бірақ Аутсорсингтік компанияға сол қуйі жауап бермесе,
- 2) Қарама-қайшылықтар және/немесе заннаманың айқын емес нормалары, бірнеше шешім нұсқаларын қолдану мүмкіндігі және т.б. болған жағдайда, Аутсорсингтік компания Серіктестен кейінгі іс-әрекет бойынша өкім алу максатында, анықталған қарама-қайшылықтар мен олардың мүмкін салдарын көрсете отырып, бұл туралы Серіктеске хабарлай алады. Бұл ретте Серіктес өз қалауды бойынша, өздігінен немесе өз есебінен үшінші тарарапты тарта отырып, мүндай сұратуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде нақты шешімді қабылдайды және оны Аутсорсингтік компанияға, оған өз шешімін орындауға үәкілдеттік бере отырып, хабарлайды.
- 1.9. Егер КР заннамасының нормаларына негізделген және нормаларына сәйкес келетін консультациялар мен корытындылар берген жағдайда, бұл ретте үшінші тұлғалар немесе үәкілдетті органдар нормаларды басқаша түсінсе және/немесе басқа, қосымша талаптар қойса, Аутсорсингтік компания жауапкершілік көтермейді. Бұл тармақ Аутсорсингтік компания тек КР заннамасына ғана негізделетіндіктен және үшінші тұлғалардың немесе үәкілдетті органдардың заннама нормаларын қолдану тәжірибесіндегі айырмашылықтыр үшін жауапкершілік көтермейтіндігіне байланысты белгіленді.

2. Аутсорсингтік компанияның мерзімдері:

- 2.1. Аутсорсингтік компания Серіктес сұратуы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сұратуларды өндейді, жауап береді және басқа қажет іс-әрекеттерді орындаиды.
- 2.2. Серіктес жұмыс күні 16.00-ге дейінгі мерзімде өткізгеннің барлығы (сұратулар, құжаттар, ақпарат және басқасы) ағымдағы жұмыс күні алынған болып саналады, көрсетілген уақыттан кейін алынғандар келесі жұмыс күні алынған болып саналады.
- 2.3. Зангер қызметтің көрсету аясындағы сұратулардың кезектілігі және оларды орындау тарифтер аясында белгіленеді, бұл ретте сұратулардың кезектілік ретімен орындалады.

1) Күрделілік деңгейіндең жағдайда сұратулар бойынша

- ағымдағы жұмыс күні сағат 16:00-ге дейін алынған 3 сұратуды 1 жұмыс күні ішінде өндейді.
- қалған сұратулар келесі күні өндөлетін сұратулар кезегіне өтеді.
- бұл ретте келген жағдайда сұратуды өндеу мерзімі Серіктес сұратуы келіп түскен сәттен бастап үш жұмыс күнінен аспауы тиіс.

2) Күрделілік деңгейіндең орташа қызын сұратулар бойынша

- сұратуларды бірінен кейін бірін кезекпен орындаиды, бірнеше сұратуды катар өндемейді, атап айтқанда, алдыңғы сұратуды аяқтамай тұрып, келесі сұратуды орындауға кіріспейді.
- Орындау мерзімі стандартты болып табылады және әр сұрату бойынша үш жұмыс күнін құрайды.

2.5. Күрделілік деңгейіндең жағдайда сұратуларды орындау кезектілігі болек құрылады және олар бір-біріне байланысты емес.

2.5. Басқа мерзім келесі жағдайларда белгіленуі мүмкін:

1) егер орындауға көбірек уақыт қажет болса, бұл туралы сұрату келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлаймыз,

2) егер сұратуды орындау мерзімі аяқталуға жақын болса немесе өтіп кетсе, Аутсорсингтік компания сол уақытта атқарылған жұмыс туралы жауабымен оралуы тиіс, бұл ретте жауап беру үшін неліктен қосымша уақыт қажет екенін түсіндіруі тиіс (толығырақ зерттеу қажет, киын, ауқымды мәселелерге қатысты қолданылады),

3) Серіктес жаңа құжаттар мен ақпарат берген жағдайда мерзім қайта қаралады, себебі зерделеу мен талдау үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін,

- 4) Аутсорсингтік компанияның ішкі құжаттарымен,
- 5) Тараптардың келісімімен,
- 6) Қызмет көрсету мерзімі ұзағырақ уақыт алады деп көзделген, мысалы, тарату, қайта үйымдастыру, айрықша құқық салалары бойынша зангерлік қорытындылар, тауарлық белгіні тіркеу және т.б.

3. Серіктеске белгіленетін мерзімдер:

3.1. Серіктес Аутсорсингтік компанияға келесілерді уақытын тапсырып отыруға міндеттенеді:

а) Аутсорсингтік компанияның міндеттемелерді орындауы үшін қажет ақпарат пен құжаттарды, соның ішінде оның сұратулары бойынша. Барлық құжаттардың көшірмелерін, соның ішінде сканерленген көшірмелерін Серіктес Аутсорсингтік компания белгілеген Серіктеске жауап берілетін күннен кем дегендे 2 (екі) жұмыс күні бұрын ұсынады.

Егер оларды ұсынбай Қызмет көрсету мүмкін болмаса, Аутсорсингтік компания толық және/немесе бір бөлігі (бөлек мәселе бойынша) ұсынылғанға дейін Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды тоқтата тұруға немесе сұратуды қабылдамауға құқылы.

б) жазбаша түрде Серіктестің құжаттарындағы және деректеріндегі кез келген өзгерістері туралы ақпаратты (мұндай өзгерістер күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде);

в) өзінің орындауга жіберген сұратуының сипаты және басқа да егжей-тегжейлі ақпаратты, соның ішінде сұратумен байланысты кез-келген құжаттарды.

3.2. Жоғарыда көрсетілген тармактар бұзылған жағдайда Серіктес:

а) көрсетілген қызмет нәтижесін бастапқы белгіленген мерзімінен кеш ұсыну;

б) толық емес, дұрыс емес ақпаратты және/немесе құжатты алу, көрсетілген қызметтің соңғы нәтижесінің Серіктестің бастапқы қажеттілігімен сойкес келмеуі тәуекелін өзіне алады.

4. Серіктеспен шартты тоқтату және бұзу

4.1. Шарт бұзылған жағдайда бұзу күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде соңғы есеп айырысу жүргізілуі тиіс.

4.2. Техникалық (егжей-тегжейлі) талаптар:

4.2.1. Шарт тоқтатылғаннан/бұзылғаннан кейін:

1) қызметтер төлемін жасауга шот шығарылатын болады, онда бар болған жағдайда берешектен және бұрын төленбеген қосымша қызметтер ақысынан тұратын болады,

2) Аутсорсингтік компания ЭЦҚ кілттерін өшіреді, бұл ретте Серіктес құпиясөзді өзгертуі немесе кілттерді қайта шығаруы тиіс.

4.3. Аутсорсингтік компания Серіктестен қосымша қызмет ретінде тарифтелген сұратуды өндеуге алса, ал Серіктес сұратуды өндеу аяқталғанға дейін Шартты бұзу туралы шілдесінде келесі нұсқалардың бірі болуы мүмкін:

1) егер Аутсорсингтік компания сұрату бойынша жұмысты бастаса, Серіктес Аутсорсингтік компания іс жүзінде сұратуды өндеуге жұмсаған уақытының ақысын төлейді, қызметті Аутсорсингтік компания Шартты бұзу туралы хабарламаны алған сәттегі күйінде алады. Серіктес мазмұны және рәсімделуі бойынша аяқталмаған құжатты және/немесе талдауды алатынын түсінеді және онымен келісіді немесе Серіктес Аутсорсингтік компания сұрату бойынша жұмысын аяқтағанға дейін Шартты бұзбайды. Бұл ретте Серіктес Аутсорсингтік компания сұратуды өндеу бойынша жұмысты аяқтайтын ағымдағы кезең ақысын, сондай-ақ қосымша қызмет күнын төлейді.

2) егер Аутсорсингтік компания сұрату бойынша жұмысты әлі бастамаса, ол сұратудан бас тартып, қызмет көрсетпейді. Осылайша Серіктес бұл қосымша қызмет үшін ақы төлемейді және, сәйкесінше, ол бойынша қандай да бір нәтиже алмайды.